



SEMEI tañy



№ 32 (19784) 24 сәуір, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Облыс әкімі Берік Уәли Қытай Халық Республикасының Шыңжаң ұйғыр автономиялы өлкесінің Тарбағатай округі партия комитетінің хатшысы Чжи Сянь Вэймен бейнеконференция арқылы байланысқа шығып, пікір алмасты. Жиынға тиісті басқарма басшылары, департамент жетекшілері қатысты. Шекаралық аймақтағы Аягөз, Үржар, Мақаншы және Ақсуат аудандарының әкімдері бейнережим арқылы қосылды.

БІР ҚОҢЫРАУ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚЫТАЙМЕН ТІКЕЛЕЙ ДИАЛОГІ



Жиын барысында Қазақстан мен Қытай арасын жалғайтын «Тачан – Аягөз» теміржол желісі құрылысы, «Бақты – Покиту» өткізу пунктінде «Жасыл дәліз» құру, шекаралық инфрақұрылымды жетілдіру, құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастықты күшейту және Тарбағатай аймағымен сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселелері жан-жақты талқыланды.

Кездесуде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Уәлиев, Абай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Руслан Данияров, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаментінің бастығы Асхат Ахметов, Полиция департаменті бастығының орынбасары Жасұлан Байқенов және Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндады.

Қазіргі таңда Қазақстан-Қытай шекарасында «Бақты-Аягөз» теміржол учаскесін салу жобасы жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Абай облысында Қытай инвесторларының қатысуымен 2,2 млрд долларлық 10 жоба жүзеге асырылып жатыр. Көрші елмен сауда айналымы өсіп, Тарбағатай аймағымен өңіраралық ынтымақтастық артып, сондай-ақ, «Бақты» өткізу пунктін дамыту арқылы өндіріс пен логистика салаларындағы бірлескен жобалар кеңейтілуде.

Екі тарап кездесуде өңіраралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын талқылап, бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екендерін білдірді. Облыс әкімі өңіраралық еріпестікті нығайтудың маңызын атап өтіп, Чжи Сянь Вэйді Қытай Халық Республикасының кәсіпкерлерімен өтетін инвестициялық форумға қатысуға шақырды.

«Абай облысының атынан бүгінгі кездесуді ұйымдастыруға бастамашылық танытқандарыңызға алғысымды білдіремін. Бүгінгі кездесу барысында қаралған барлық мәселелер – Абай облысы мен Тарбағатай аймағы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған маңызды бастамалар. Біз өз тарапымыздан барлық көтерілген мәселелер бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге және қытайлық еріпестермен тығыз өзара іс-қимылды жалғастыруға дайын екенімізді білдіреміз. Алдағы уақытта бірлескен жобаларды нақты іске асыру арқылы өңіраралық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтереміз деп сенемін», – деді Берік Уәли.

Өз кезегінде Тарбағатай округі партия комитетінің хатшысы Чжи Сяньвэй «Аягөз-Тачан» темір жол желісі мен Бақты кеден бекетінің өткізу пунктін құрылысын жандандыруға қатысты ұсыныстарын айтты. Екі жақты еріпестікті одан әрі нығайтуға сенім білдіріп, аймақ басшысын Тачан қаласында өтетін «Бақты» форумына қатысуға шақырды.

«Бұл кездесу ынтымақтастығымызды жаңа, сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың стратегиялық басшылығымен Қытай мен Қазақстан арасындағы жан-жақты стратегиялық еріпестік қатынастар тұрақты дамып, өзара тиімді ынтымақтастықтың зор әлеуеті мен кең мүмкіндіктерін көрсетуде. Біз өткізу пункттерінің әлеуетіне сүйеніп және өзара тиімділік қағидатын басшылыққа ала отырып, Қазақстан тарапымен басым бағыттар бойынша ынтымақтастықты ілгерілетуге дайынбыз. Бірлескен күш-жігердің арқасында өңіраралық ынтымақтастық жаңа деңгейге көтеріліп, нақты нәтижелерге қол жеткізіп, екі ел халқының игілігіне қызмет етеді деп сенеміз», – деді ол.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЕМЕЙ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДА

Семей қаласында тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Сейсенбі күні облыс әкімі Берік Уәли шаһардағы бірқатар нысандарды аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tañy»

ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚАСБЕТІ БІРЫҢҒАЙ ҮЛГІДЕ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Биыл Семей қаласында 30-ға жуық үйдің қасбетін бірыңғай үлгіде жаңарту жоспарланып отыр. Қазіргі таңда Кеңгірбай би көшесінде орналасқан көп қабатты тұрғын үйдің қасбеті жөнделіп жатыр.

Облыс әкімі қаланы аралау барысында аталған көше аумағында болып, жөндеу жұмыстарын көрді. Аталған үйдің қасбеті термопанельмен қапталып, балқондар металлсайдингпен әрленген. Терезе жиіктері мен сәндік қоршағындар орнатылған. Сондай-ақ сыртқы жарықтандыру жүйесі қойылған. Қасбетті жаңарту ғимараттың сыртқы көрінісін жақсартып, шаһардың сәулеттік келбетін біріздендіруге бағытталған.

Аталған үйдің тұрғындары жөндеу жұмыстарына ризашылықтарын жеткізді. – Бұл үйде 40 жылдан бері тұрып келемін. Осы уақытқа дейін үйдің қасбеті ешқашан жөндеу көрмеген болатын. Жұмысшылар өз жұмыстарын өте сапалы істеді. Қаламыз күннен күнге ажарланып келеді. Біз сіздерге алғыс айтамыз, – деді Кеңгірбай би көшесінің тұрғыны Гүлнар Жетімекова.

Облыс әкімі қала келбетін жақсарту бағытындағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін айтты.

– Бұл үй қаламыздағы негізгі көшелердің бірінің бойында орналасқан. Жұмыс сапалы атқарылыпты. Алдағы уақытта жөнделетін үйлер де осы үлгіде болуы тиіс. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет. Қаланың келбеті әсем кейіпке енеді. Тұрғындардың да көңіл-күйіне жақсы әсер етері сөзсіз. Бұл – осы бағыттағы жұмыстың алғашқы кезеңі. Біз мұнымен шектелмейміз. Жыл соңына дейін қаланың басқа көшелеріндегі бірнеше тұрғын үйдің қасбетін басқа үлгіде, заманауи стильде жаңартатын боламыз, – деді Берік Уәли.

Жалпы, Семей қаласында үйлердің қасбетін жөндеуге арналған жеке бағдарлама қарастырылмағанымен, 2023 жылы көп қабатты тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырларын ағымдағы және күрделі жөндеу жұмысын ұйымдастыру қағидалары бекітілген. Осы құжат негізінде 2022-2025 жылдар аралығында 89 көп қабатты тұрғын үйдің қасбетіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалған.

ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАЛЫҚТА

Осы күні аймақ басшысы бұл күні №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы филиалының тыныс-тіршілігімен де танысты.

Аталған орталықта қазіргі таңда 556 қызмет алушы тіркелген. Күн сайын шамамен 100 адам қабылданады. Мекемеде 12 қызметкер еңбек етеді. Орталықта медициналық, психологиялық, еңбек, мәдени, экономикалық, құқықтық және сауықтыру қызметтері ұсынылады. Орталық мамандары әрбір қызмет алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың даму деңгейін көтеруге, қоғамға бейімделуіне және өмірге толыққанды араласуына жағдай жасайды.

Облыс әкімі ғимаратты аралап көріп, мұндағы ардагерлермен және қызметкерлермен тілдесті. Орталықтың материалдық-техникалық базасы мен көрсетілетін қызметтердің сапасына назар аударды.

– №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығында азаматтарға жақсы жағдай жасалып, жайлы орта қалыптасқан екен. Қызмет түрлері де жеткілікті. Ең бастысы, әр адамның жағдайына қарай көмек көрсетіледі. Мұндай мекемелердің жұмысы өте маңызды. Сіздердің осылай көңілді, алаңсыз жүргендеріңіз бізді де қуантады. Орталыққа өкімдік тарапынан тиісті қолдау көрсетілетін болады, – деді Берік Уәли.



«ЗАРЯ» ЖАҒАЖАЙЫ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Облыс әкімі Семей қаласындағы жаз мезгілінде тұрғындар жиі баратын үш негізгі жағажайдың бірі - сол жағалаудағы «Заря» жағажайының жай-күйімен де танысты. Бар. Қазіргі таңда «Заря», «Затон» және «Пристань» жағажайлары орындағы халық арасында сұранысқа ие болғанымен, инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілмеген.

Қала әкімі Әділет Қожанбаев аймақ басшысына шаһардағы жағажайларды абаттандыру және шомылу маусымына дайындық аясында жоспарланып отырған шаралар туралы баяндады. Оның айтуынша, биылғы жылы бұл бағытта кешенді жұмыс жүргізу жоспарланып отыр. Атап айтқанда, «Заря» жағажайына 2 құтқару мұнарасы, 40 шезлонг, 20 дана күннен қорғайтын шатыр, 5 биоде-ретхана, 4 киім ауыстыратын орын, қауіпсіз шомылуға арналған шектеу буйкалары қойылады. Сондай-ақ 1 медициналық пункт жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар жағажай аумағында күзет қызметі мен сауда нүктелері ұйымдастырылмақ.

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, демалушыларға қо-

лайлы жағдай жасау үшін 20 орындық, құнғағарлар мен шатырлар орналастырылады. Бұдан бөлек, жағалау аумағын тазарту және тегістеу, санитарлық жағдайды жақсарту, қоқысқа арналған ұрналар мен контейнерлер қою және маусым бойы жағажайларға тұрақты қызмет көрсету шаралары ұйымдастырылады.

Жағажайды жаңғырту жобасымен танысқан облыс әкімі қала әкімі мен жауапты мекемелерге қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын басты назарда ұстап, жағажайларды уақтылы іске қосуды тапсырды.

– Ертістің жағасы болған соң жағыз демалыс кезінде, күн ыстықта мұнда тұрғындар көп келеді. Жабайы емес, жаңа жайлы жағажай болуы керек. Шомылу маусымы басталғанға дейін барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, жағажай аумағын ретке келтіріп, пайдалануға беруіміз қажет. Ең алдымен, қауіпсіздік шараларына көңіл бөлінуі тиіс. Жағажайларда құтқарушылардың кезекшілігі тұрақты қамтамасыз етілуі керек. Халықтың еркін демалуына барлық жағдай жасау міндет. Бұл мәселе жеке бақылауда болады. Шығыс Қазақстан облысы «Абайға құрмет» акциясы аясында осы жағалауды абаттандырады. Биыл жұмысты бастайды, – деді Берік Уәли.

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ

SEMEI tañy

ВЕСТИ СЕМЕЙ

ЖАҢАРҒАН ЖАҢАСЕМЕЙ

ЖАНА СЕМЕЙ СЕГОДНЯ

БІЗДІҢ БЕСҚАРАҒАЙ

НАШ БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАҢА УАҚЫТ

НОВОЕ ВРЕМЯ

2026



ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ҮШ ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШЫНЫҢ ҚАТАРЫНДА

Алматыдағы №79 гимназияның 11-сынып оқушысы Дана Қадырбек БҰҰ-ның Венадағы штаб-пәтерінде UNIDO ұйымдастырған Cleantech Days Forum 2026 форумында әлемнің үздік үш жас өнертапқышының қатарына кірген.

Дана аудан ауыз су алу бойынша әзірлемелерді ұсынған. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – құрғақ климат жағдайында да ауыз су алуға мүмкіндік беретін құрылғы. Бұған дейін Дана халықаралық байқаулардың жүлдегері атанып, Сеулде өткен WISO Дүниежүзілік Жастар ғылыми олимпиадасының алтын медалін жеңіп алған.

Қазақстанда да оның жобасы қолдау тапқан: өнертабысты пилоттық енгізу туралы меморандумға қол қойылған, сондай-ақ Дана Алматы әкімінің сыйлығымен марапатталған.

kaz.nur.kz

ӘСКЕРДЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ

Елордада запасқа шыққан әскери қызметшілерге жоғары оқу орындарында тегін білім алуға арналған сертификаттар табысталды. Нәтижесінде мыңнан астам қазақстандық мемлекеттік грант иегері атанды.

Салтанатты рәсім Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияда өтті. Іс-шараға Қорғаныс министрлігі мен Астана қаласы қорғаныс істері жөніндегі департамент басшылығы, Парламент Сенатының депутаты, әскери қызметшілер, ардагерлер мен жастар қатысты.

Грант иегерлерінің қатарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқуға жолдама алған кіші сержант Бейбарыс Хасен бар.

kaz.inform.kz

ЖҮК ТАСЫМАЛЫ 3 ЕСЕГЕ АРТТЫ

Транскаспий халықаралық келік бағыты (ТХКБ) бойынша транзиттік тасымал көлемі соңғы бес жылда үш есеге өсті. ҚР Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Нұржан Келбұғанов Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында теңіз инфрақұрылымын дамыту жобаларымен танысты. Ол Ақтау және Құрық порттарындағы нысандарды аралап, кеме қатынасы компанияларының өкілдерімен кездесті.

Бүгінде Ақтау портында контейнерлік хаб пен кемелер қозғалысын басқару жүйесі іске қосылып, Құрық портында айлақ акваториясын тереңдету және №1 айлақты жаңғырту жұмыстары аяқталған.

Жыл соңына дейін Ақтау порты акваториясын тереңдету, Құрықтағы «Ерсай» терминалын және контейнерлік инфрақұрылымды дамыту, бірнеше айлақты жаңғырту, буксирлер сатып алу және цифрлық жүйелерді енгізу жоспарланып отыр.

kaz.inform.kz

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Қазақстанда шетелдік интернет-дүкендерден қымбат тауар сатып алғандарға салық салынады. Енді маркетингтерде тауар сататын әр адам салық органдарына есеп беріп, жеке деректерін ұсынуға міндетті. Бұл ақпараттың ішінде тауар айналымы, жасалған мәмілелер саны, төлем көлемі және сатушыға аударылған қаражат көрсетіледі. Мұндай жүйе арқылы жауапты органдар электронды саудадағы нақты кірістерді декларациядағы мәліметтермен салыстырып отырады. Сәйкессіздік анықталса, кәсіпкерлерге түсіндірме беру немесе қателікті түзету туралы хабарлама жолданады.

stan.kz

КРИПТОНАРЫҚТЫ РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

2026 жылғы 1 мамырдан бастап Қазақстанда криптонарықты реттеу енгізіледі. Криптобиржалар мен айырбастау пункттері лицензия бойынша жұмыс істейді, ал банктерге жаңа мүмкіндіктер беріледі. 2026 жылғы 1 мамырдан бастап Қазақстанда цифрлық активтер нарығын жүйелі реттеу күшіне енеді. Бұл нарықты реттеуді кеңейтіп, жаңа қатысушылар үшін нақты ережелер енгізеді. Енді криптоайырбастау пункттері мен криптобиржалар да бақылауға алынады.

Цифрлық активтер қызметін көрсететін провайдерлер тек лицензиямен немесе Ұлттық Банкте тіркелгеннен кейін ғана жұмыс істей алады. Олардың қызмет төртін дәл осы Ұлттық Банк белгілейді.

baq.kz

ӘЛЕМ КУБОГЫНДАҒЫ СЕНСАЦИЯЛЫҚ ЖЕҢІС

Бокс бойынша байрақты бөсеке дәл қазір Бразилияда өтіп жатыр. Ал қазақ қыздары, әсіресе каратэ және футболда жүрген ұлттық құрама өкілдері әлемдік рейтингтегі жағдайларын жақсартты.

Бразилияның Фос-ду-Игуасу қаласында бокстан Әлем кубогы жалғасып жатыр. Жарыстың кезекті күні көпшілік тағатсыздана күтіп жүрген жеке-жеке болды. 70 келі салмақ дәрежесінде қазақстандық Фарух Тоқтасынов жапониялық Севон Окадзавамен кездесіп, сенсациялық жеңіске жетті.

Жалпы алғанда, әлемдік аламанға 16 боксшымыз аттанса, оның 5-еуі бөсекені аяқтады. Ал қалған 11-і жүлдеге таласты жалғастырып жатыр. Бразилиядағы бокс бөсекесінің жалпы қорытындысы 27 сәуірде белгілі болады.

24.kz

«ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА»

14 ОТБАСЫ КӨШІП КЕЛДІ

Қаладағы қарбалас тіршіліктен шаршаған, табиғатқа жақын, тынысы кең өмірді аңсаған жандар үшін Үржар ауданы – еңбек етіп, өмір сүруге қолайлы мекен.



Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,
«Semei tañy»

Тамылжыған тұмса табиғатымен талайды тамсандырған үкілі Үржарға еліміздің әр өңірінен қоныс аударуға ниетті азаматтардың қатары артып отыр. Қазірдің өзінде Түркістан мен Солтүстік Қазақстаннан, Жетісу мен Алматы облыстарынан, Алматы мен Шымкент қалаларынан 100-ден астам отбасы хабарласып, көшу шарттарымен танысуда. Ал 10 отбасы аудан әкімінің қабылдауында болып, «Қаладан - ауылға» жобасы аясында жаңа қоныс иелеріне ұсынылатын қолдау шаралары мен жұмыспен қамту мүмкіндіктерін талқылап үлгерген.

ағдарлама аясында Үржар ауданындағы Қызылту, Сағат, Лайбұлақ, Батпақты және Благодатное, Қарабұйрат және Сегізбай, ауылдары, Қазымбет, Егінсу сынды 9 ауылы жаңа тұрғындарды қабылдауға толық дайын.

Көшіп келетін тұрғындар қоныстанатын ауылдарда тіршілік қайнап тұр: орталықтандырылған ауыз су, интернет, ұялы байланыс бар. Мектеп пен балабақша, медициналық амбулатория – бәрі де қолжетімді. Яғни, ауыл өмірі бұрынғыдай қиындықтың символы емес, керісінше, мүмкіндіктің бастауы. Сондай-ақ аталған ауылдарға көшіп келем деген отбасыларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Аудан әкімінің ақпаратына

сүйенсек, бағдарламаға қатысушыларға берілетін материалдық көмектердің бірі – көшу шығындарын өтеуге арналған бір жолғы төлем, яғни отбасының әрбір мүшесіне 302 750 теңге көлемінде қаражат қарастырылған. Сонымен қатар тұрғын үй мәселесін шешу мақсатында экономикалық ұтқырлық сертификаты арқылы үй сатып алу немесе салу үшін 7 млн теңге көлемінде қайтарымсыз қаржы беріледі. Бұдан бөлек, жалға алу және коммуналдық шығындарды өтеу үшін бір жыл бойы ай сайын төлемдер қарастырылған. Сонымен қоса келісімшарт негізінде жергілікті әкімдік пен кәсіпкерлер тарапынан 10 бас ірі қара мал, 10 бас қой беріледі.

Бүгінде ауданға 14 отбасы, яғни 50-ге жуық адам көшіп келген. Өлде де келуге ниетті жандардың қатары аз емес сияқты. Бұған қоса, өңірлік квота бойынша қандастар мен өзге өңірлерден қоныс аударушылар қатарынан 40 адамды көшіру көзделіп отыр.

Мемлекет қолдауынан бөлек, көшіп келушілерге жергілікті кәсіпкерлер де қолдау көрсетуде.

Оқуғаттар бойынша айтар болсақ, Салқынбел ауылдық округіне қарасты Қарабұйрат ауылына жуырда 4 баласы бар отбасы қоныстанды. Оларға жергілікті шаруашылықтар қол ұшын созып, отын-

көмірмен, қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етті. Астана және Талдықорған қалаларынан 4 отбасы көшіп келуге ниет білдірді. Келген отбасыларға бір бас ірі қара, шабындық және жайылым жерлер беріледі. Баспаналар қамтамасыз етіледі. Ауылға малшы, тракторист, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі қажет.

Сегізбай ауылына бір отбасы қандас мәртебесімен көшіп келіп, үш баласымен жаңа өмірін бастады. Сонымен қатар тағы бір отбасы наурыз айының соңында қоныс аударуды жоспарлап отыр. Ауылға қызығушылық танытқан 20-ға жуық отбасыға елді мекеннің тыныс-тіршілігі толық таныстырылып, бос тұрғын үйлер мен ұсынылатын қолдау шаралары жөнінде жан-жақты ақпарат берілген. Мұнда қоныс аударған әрбір отбасыға бір бас ірі қара, егістік және шабындық жерлер ұсынылып, арзандатылған тұрғын үймен қамтамасыз ету қарастырылған. Ауылда мал шаруашылығы мамандары мен педагогтерге сураныс жоғары.

Бестерек ауылдық округіне қарасты Қазымбет ауылына да көшіп келушілер қатары артып келеді. Шымкент қаласынан келген бір отбасы барлық қажетті көмектермен қамтамасыз етілсе, Қашағай қаласынан тағы бір отбасы сәуір айында келуді жоспарлап отыр. Ауыл аудан орталығынан небәрі 18 шақырым қашықтықта орналасқан. Алғашқы келген отбасылар тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, келісімшарт негізінде мал беріледі. Бұл ауылда да еңбек күші жеткілікті, әсіресе ауыл шаруашылығы саласының мамандарына сураныс жоғары.

Барқытбел ауылдық округіндегі Батпақты және Благодатное ауылдарында да көші-қон белсенді. Батпақты ауылына Семей қаласынан екі отбасы көшіп келуді жоспарлап отыр, ал Қытай Халық Республикасынан бес отбасы қоныс аудармақ. Мұнда келушілерге жер телімдері ұсынылып, мектеп пен ауылдық амбулаториядан тұрақты жұмыс орындары қарастырылған. Благодатное ауылында да бір отбасыға қажетті қолдау көрсетіліп, қоныстануына жағдай жасалған.

Егінсу ауылында «Қаладан - ауылға» бағдарламасы аясында бір отбасы қоныс аударып, жаңа ортаға бейімделуде. Сонымен қатар Қытайдан алты отбасы көшіп келсе, ауданның басқа ауылдарынан тағы екі отбасы келіп қосылған. Бұл ауылда да қоныс аударушыларға жер телімдері ұсынылып отыр.

Үржар ауданына қарасты Қызылту ауылына Алматы қаласынан бір отбасы көшіп келген. Ал Салқынбел ауылдық округінің Қарабұйрат ауылына үш отбасы қоныс аударып, жалпы саны 23 адамды құрап отыр. Оның ішінде мектеп жасындағы балалардың саны басым.

Ауылдарға қоныс аудару – тек халық санын арттыру ғана емес, ауыл экономикасын дамытуға, еңбек нарығын жандандыруға және әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Көшіп келген отбасыларға көрсетіліп жатқан жан-жақты қолдау бұл бастаманың өміршең екенін көрсетеді.

МӘДЕНИЕТ

«АБАЙ ЕЛІ – ӨНЕР КЕНІШІ»: БАЙҚАУҒА ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ

Облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен, мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен дәстүрлі түрде өтетін «Абай елі – өнер кеніші» атты облыстың аудандары арасындағы көркемөнерпаздар байқауының іріктеу кезеңі жалғасуда.

Бүгінгі күнге дейін Мақаншы, Үржар, Ақсуат, Көкпекті және Бесқарағай аудандарында іріктеу кезеңдері өтіп, өңір өнерпаздарының шығармашылық әлеуеті кеңінен көрініс тапты.

Іріктеу барысында аудан өнерпаздары өздерінің концерттік бағдарламаларын ұсынып, өңірлердегі мәдени өмірдің қарқынын, көркемөнерпаздар шығармашылығының деңгейін және сахналық ізденістердің ерекшелігін көрсетеді.

Қатысушылардың өнерін бағалау үшін мәдениет және өнер саласының тәжірибелі мамандарынан құралған қазылар алқасы жұмыс жүргізуде. Қазылар алқасының төрағасы - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әнші-композитор Мәдет Салықов. Қазылар құрамында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы театрдың директоры, жазушы-драматург Нартай Сауданбекұлы, тележобалар авторы, продюсер Рүстем Елжанов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әнші-композитор Құрманбай Жарқынбайұлы, халықаралық өнер республикалық байқаулардың лауреаты, Әміре Қашаубаев атындағы облыстық филармонияның солисті Айгерім Асқарбекқызы, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, халықаралық би сайыстарының лауреаты, хореограф Айнұр Асқар бар.

Байқау талаптарына сәйкес, барлық концерттік бағдарлама жанды дауыста орындалады. Бағдарлама мазмұнына шектеу қойылмайды. Әр аудан өз мүмкіндігі мен шығармашылық ерекшелігіне сай сахналық қойлымдарын ұсынады. Орындаушылық шеберлік, сахна мәдениеті және көркемдік шешімдер басты назарда.

«Абай елі – өнер кеніші» байқауы алдағы уақытта облыстың өзге аудан-қалаларында жалғасуда. Іріктеу кезеңінен өткен өнерпаздар қазылар алқасының шешімімен облыс орталығында өтетін гала-концертке жолдама алады.

Айта кетейік, бұл байқау өткен жылы басталып, 1-ші орынды Абай ауданының өнерпаздары иеленген болатын.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында облысымызда атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға барлық қала, аудан, ауыл тұрғындары атсалысуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Теміржанов баяндады.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tañy»

Өңірде 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 44 іс-шарадан тұратын кешенді жоспар бекітілген. Оның 32-сі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жүзеге асырылады.

Өскеген ұрпаққа экологиялық тәрбие беру мәселесі ерекше маңызға ие. Өткен жылы осы мақсатта білім беру ұйымдарында экология тақырыбына эссе байқаулары ұйымдастырылып, оған 421 оқушы қатысты. Сондай-ақ мектептерде сынып сағаттары өткізіліп, 5–6 сынып оқушылары арасында өткен «ProEco» жобалар байқауы-

на 38 жоба ұсынылып, оның 17-сі жүлделі орынға ие болды. Сонымен қатар облыс бойынша 28 экологиялық мәдени іс-шара өткізіліп, деді Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Теміржанов.

Көктемгі санитарлық-экологиялық екі айлық аясында да өтіп жатқан тазалық акцияларына 29 мыңнан астам тұрғын, 2 мыңнан астам ұйым және 400-ден астам техника жұмылдырылған. Нәтижесінде 12 мыңнан астам аула, 97 саябақ

пен сквер, 57 ескерткіш аумағы, су айдындары тазартылып, 3 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылған. Семей қаласының өзінен ғана 7,8 тонна түрлі қалдық шығарылған.

- Көгалдандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Быыл облыс бойынша 67 мың түп ағаш отырғызу көзделіп отыр, қазіргі таңда 431 көшет егілді.

Сонымен қатар автомобиль жолдарының бойында орман жолақтарын қалыптастыру жоспарланып отыр, жалпы, 240 гектар аумақ қамтылмақ, - деді Марат Теміржанов.

Экологиялық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында құқықтық бақылау да күшейтілді. Жыл басынан бері Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша 4171 әкімшілік хаттама толтырылып, 9 млн теңгеден астам көлемде айыппұл салынған. Алдағы уақытта да сенбіліктер тұрақты өткізіліп, бақылау күшейеді. Заң талаптарын бұзғандарға шаралар қолданылады.

Абай кітапханасының баспасөз қызметі



Қатысушылар «Артық білім кітапта» атты квиз ойынында білімдерін сынап, шеберлік сағаттарында қолөнердің қыр-сырын меңгерді. Сонымен қатар сәндік-қолданбалы өнер көрмесі мен «Ғасырлармен үндескен асыл қазына», «Абай елі – асыл сөздің мекені», «Адамзаттың Абайы» атты кітап көрмелері көпшілік назарына ұсынылды. Ұлттық ойындар, библиотерапиялық тренингтер мен би алаңдары кештің көрігін қыздыра түсті.

Іс-шараға Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Олжас Соғымбай, зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері, кітапханашылар, студенттер, әскери бөлім сарбаздары мен оқырмандар қатысты.

«Кітапхана түні» аясында өткен «Артық білім кітапта» зияткерлік ойыны қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Он команда бақ сынаған сайыста облыстық лингвистикалық орталығының «Ығай мен Сығай» тобы жеңімпаз атанды. Семей қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің «Кітапхана зияткерлері» командасы екіінші орынды иеленсе, мектеп кітапханашыларынан құралған «Самғау» тобы үшінші орынды еншіледі.

«Кітапхана түні» іс-шарасы оқырман мен кітапхана арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдағы рухани құндылықтарды жаңғыртқан маңызды алаңға айналды.

Абай кітапханасының баспасөз қызметі



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Семей қаласында Shakarim University базасында «NEXT STEP: заң және болашақ» тақырыбында жастармен кездесу өтті. Іс-шара «Заң және тәртіп» қағидаттарын дәріптеп, Конституция құндылықтарын жастар санасына сіңіруге бағытталды.

Кездесуге жоғары оқу орындары мен колледж студенттері, еріктілер, жастар ұйымдары мен БАҚ өкілдері қатысты. Ашық диалог форматында өткен жиынның басты мақсаты – Конституция құндылықтарын дәріптеу, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттік қызметке қызығушылықтарын ояту және кәсіби бағдар беру.

Спикерлер қатарында Абай облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаментінің басшысы Руслан Шәріпов, облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Олжас Бейсенбаев, «Shakarim University» жанындағы «Шаңырақ» студенттік ассамблеясының төрайымы Айым Рысбек және студенттік парламент спикері Ахмет Қуанышұлы болды.

Кездесудің модераторы Ануар Жазитов бұл алаңның азаматтық ұстаным, жеке даму және жастардың қоғамдағы рөлі туралы ашық диалог құруға мүмкіндік бергенін атап өтті. Оның айтуынша, елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформалар жаңа бағыттарды айқындап отыр, сондықтан жастар өз құқықтарын біліп қана қоймай, оны тиімді қолдана алуы тиіс.

Жиында сөз алған Абай облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігі департаментінің басшысы Руслан Шәріпов мемлекеттік қызметке кіру жүйесіндегі жаңа мүмкіндіктерге тоқталды. Оның айтуынша, бүгінде барлық конкурстық рәсімдер цифрландырылып, іріктеу мерзімі 5–7 жұмыс күніне дейін қысқарған. Бұл – ашықтық пен әділдіктің нақты көрінісі.

Сонымен қатар ол түлектерге арналған қосымша мүмкіндіктер туралы баяндады. Жоғары үлгерім көрсеткен (GPA 3,33 және одан жоғары) мемлекеттік грантпен оқыған түлектер ауылдық және аудандық деңгейдегі төменгі лауазымдарға конкурстық тікелей тағайындауға алады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, конкурстан тыс тікелей тағайындау мүмкіндігі жүзеге асырылуда. 2020 жылдан бастап заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, мемлекеттік білім беру тапсырысы бо-



йынша оқыған және GPA көрсеткіші 3,33-тен жоғары түлектер ауылдық және аудандық деңгейдегі лауазымдарға тікелей орналаса алады, – деді ол.

Бүгінде өңірде 38 түлек осы тетік арқылы қызметке орналасқан.

Айта кету керек, қазіргі таңда Парламентте бұл тәжірибені кеңейтуге бағытталған заң жобасы қарастырылып жатыр. Егер құжат қабылданса, болашақта ақылы бөлімде оқыған, бірақ үлгерімі жоғары түлектерге де осындай мүмкіндік берілуі мүмкін.

Жиында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесі де кеңінен талқыланды. Спикерлер адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттары құқықтық мемлекеттің негізі екенін атап өтті. Бұл ретте білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Адал ұрпақ» жобасы мен волонтерлік қозғалыстардың рөлі ерекше екені айтылды.

Абай облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Олжас Бейсенбаев жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларға тоқталды. Оның айтуынша, «Жастар тәжірибесі», «Жасыл ел» және «Дипломнан – ауылға» жобалары жастардың еңбек нарығына бейімделуіне, тәжірибе жинауына және әлеуметтік

мәселелерін шешуіне нақты қолдау көрсетіп отыр.

Сондай-ақ ол жастарды белсенді азаматтық ұстаным танытуға шақырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараудың маңызын атап өтті.

– Біз өзіміз экологиялық мәдениетті қалыптастырмасақ, туған қаламызға жанашырлықпен қарамасақ, даму болмайды. Қанша қаржы бөлінсе де, қанша білім алсақ та, қаланың дамуы тікелей өзімізге байланысты, – деді ол.

Басқарма басшысы өңірдің оң имиджін қалыптастырудың маңыздылығына да тоқталды.

– Ұлт – бұл белгілі бір көзқарас, пікір. Біз өз өңіріміз туралы қандай пікір қалыптастырамыз? Егер өзіміз жақсы пікір айтып, оның дамуына үлес қосатын болсақ, бәрі өзгереді. Өзгеріс әрқайсымыздан басталады, – деді Олжас Бейсенбаев.

Кездесу соңында қатысушылар мансап, білім және жеке даму бағыттары бойынша сұрақтар қойып, өзара пікір алмасты. Ашық диалог форматында өткен іс-шара жастар үшін өзекті ақпарат алмасуға арналған тиімді алаңға айналды.

Абай облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде кеңейтілген кеңес өтті. Жиынды департамент бастығы, әділет полковнигі Ғалымжан Балтабаев жүргізді. Оған құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен ведомстволық бағынысты мекемелердің жетекшілері қатысты.

ЗАҢДЫЛЫҚ, ТӘРТІП ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

Кеңес барысында есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері жан-жақты сараланып, негізгі бағыттар бойынша нақты бағалау берілді. Өсірісе қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, жеке құраммен жұмысты жетілдіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері басты назарда болды.

Сонымен қатар кадрлық әлеуетті нығайту, бос лауазымдарды толықтыру және персоналды іріктеу сапасын арттыру мәселелері қаралды. ҚР ІІМ ҚАЖ комитетіне қарасты №19, 20, 21 және 23 мекемелерінің басшылары баяндама жасап, атқарылған жұмыстар мен өзекті мәселелерді ортаға салды.

Кеңес қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерге қағидатты баға беріліп, оларды жою бойынша нақты тапсырмалар жүктелді. Адам құқықтарын сақтау, азаптаулар мен заңсыз тергеу әдістеріне жол бермеу мәселелері ерекше бақылауға алынды.

Сондай-ақ құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқа отырысында берілген тапсырмалар жеке құрамға жеткізіліп, жедел-қызметтік жұмысты тиімділігін арттыруға бағытталған жүйелі шаралар айқындалды.

Жиынды қорытындылаған Ғалымжан Балтабаев Мемлекет басшысының бастамасымен 2026 жылдың Қазақстанда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жарияланғанын атап өтті. Осыған орай қылмыстық-атқару жүйесіне заманауи цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект элементтерін енгізу, соның ішінде сотталғандарды қайта әлеуметтендіру бағытындағы жұмысты күшейту негізгі басымдықтардың бірі болатынын жеткізді.

Департамент басшысы алдағы уақыттағы арналған міндеттерді белгілеп, барлық деңгейдегі басшылардың жеке жауапкершілігін арттыру, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қатаң сақтау қажеттігін ерекше атап өтті.

Кеш. Семей.

Ас үйдегі тыныштықты телефон үні бұзды.

– Сәлеметсіз бе! Мен банктің қауіпсіздік қызметінен хабарласып тұрмын... Айтулы (аты өзгертілген) үшін бұл жай қоңырау еді. Бірақ бұл осы қоңырау оның бірнеше жыл жинаған қаржысын “жеп қойды”. Бес минут. Екі SMS-код. Және бос шот.

Бұл Айгүлдің қателігі ме, әлде жүйенің осалдығы ма? Келесі күні банк те, полиция да бір ауыздан «Сіз кодты өзіңіз бергенсіз» деген жауап айтты. Формалды түрде – дұрыс. Бірақ мәселе бұдан терең. Айгүлдің оқиғасы жеке жағдай емес. Бұл – Қазақстандағы киберқауіпсіздіктің нақты көрінісі.

Бір қоңырауға сеніп, алаяқтың құрбаны болғандар аз емес. Бұл жерде алаяқтың көбіне телефоннан басталады. “Банк қызметкерімін”, “қауіпсіздік бөліміненмін” деп қоңырау шалушылар “жылдам айтпасаңыз, несие рәсімделіп жатыр!” деп асықтырады. Ал адамдар қорыққанынан асығады, аныққанын тексермейді. Нәтижесінде бір қоңырау үлкен шығынға батырып, адамды алаяқтың құрбаны етеді.

Мысалы, Аягөз ауданының 41 жастағы тұрғыны танысының уәдесіне сеніп, күтпеген жерден 499 850 теңге көлемінде қарызға батты. Тергеу мәліметтеріне сәйкес, 2025 жылғы қарашада Жетісу облысының 39 жастағы тұрғыны жұмысқа орналастыруға көмектесемін деп уәде беріп, жәбірленушінің телефонның арқылы оның атына онлайн-несие рәсімдеген. Өз атына несие рәсімделгенін әйел кейін білді. Полицияға жүгінгеннен кейін қажетті жедел-іздістіру шаралары жүргізіліп, күдікті анықталды. Оның әрекеті алаяқтық бабы бойынша сараланды. Қазіргі уақытта күдіктінің үстінен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде, оған қатысты процессуалдық мәжбүрлеу шарасы ретінде келу туралы міндеттеме қолданылды.

Онлайн-қызметтер арқылы несие бірнеше минутта рәсімделеді. Алаяқтар осыны жиі пайдаланады. Интернет алаяқтардың құрбаны болғандар Алматы, Астана сияқты мегаполистерде жиі кездеседі. Өйткені мегаполистерде барлық қызмет онлайн жүзеге асырылады – жеткізу, маркетплейс, инвестиция, крипто. Көп жағдайда адамдар сенгіштігін алданады.

Жоғары технологияның тәуекелдері де жоғары.

IT, СТАРТАП, МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕЛЕР, ФИШИНГ, ДЕРЕК ҰРЛАУ, ЖАЛҒАН ХАТТАР

Қазіргі таңда кибершабуылдар бұрынғыдай жекеменшік адамдарға ғана емес, тұтас жүйеге бағытталып отыр. Өсірісе Астана сияқты IT, стартаптар және мемлекеттік цифрлық инфрақұрылым шоғырланған орталықтарда бұл мәселе аса өзекті. Цифрландыру қарқыны артқан сайын қауіп деңгейі де бірге өседі.

IT саласы – “кіру нүктесі”. Неліктен? Себебі кез келген жүйеге сырттан бірден шабуыл жасалмайды. Алдымен ішке жол табыды. Көп жағдайда бұл жол IT инфрақұрылымы арқылы ашылады. IT мамандарының қолында кең мүмкіндіктер бар: олар серверлерге, деректерлерге және ішкі жүйелерге қол жеткізе алады. Сондықтан бір ғана акаунттың бұзылуы бүкіл жүйеге есік ашыуы ықтимал. Ал егер логиндер, парольдер немесе жеке сәйкестендіру нөмірлері (ЖСН) үшінші тұлғалардың қолына түссе, бұл алаяқтар үшін аса құнды олжаға айналады.

Сол себепті киберқауіпсіздік мәселесіне тек техникалық тұрғыдан емес, стратегиялық деңгейде қарау қажет. Ақпараттық жүйелерді қорғау, қолжетімділікті бақылау және деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Көп жағдайда шабуылдың ең тиімді жолы – адам факторы. Ал ең жиі қолданылатын тө-

БІР ҚОҢЫРАУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ «КИБЕРҚАЛҚАН»

немесе қорғаныс қай жерде үзіледі?

сілдердің бірі - фишинг.

Фишинг – жай ғана күмәнді хат емес. Бұл нақты сценариймен жасалған, сенімді көрінетін шабуыл. Мысалы, «GitHub-тан хабарлама», «жүйеде қате табылды» немесе «қолжетімділікті жаңарту қажет» деген ескертулер IT маманның өзіне жіберіледі. Егер маман мұндай хабарламаға сеніп қалса, ол шабуылдаушыға жүйенің «есігін» өз қолымен ашып береді.

Тағы бір үлкен қауіп – бағдарламалық кодтың өзінде жасырын қатердің болуы. Бағдарламашылар жиі сыртқы кітапханаларды қолданады. Алайда олардың құрамында зиянды код немесе бэкдор – жүйеге жасырын кіру жолы болуы мүмкін.

Қарапайым тілмен түсіндірсек, бэкдор, сырт көзге бәрі қауіпсіз көрінгенімен, жүйеде алдын ала қалдырылған құпия «есік». Яғни сіз барлық қорғаныс шараларын қолдандым деп ойлайсыз, бірақ бір жерде кілтсіз ашылатын жол бар. Оны жасаған адам немесе хакер кез келген уақытта қайта кіре алады.

Мұндай жасырын жолдар бірнеше себеппен пайда болады: әдейі қалдырылуы мүмкін, тест кезінде ұмыт қалуы мүмкін немесе зиянды файлдар арқылы жүйеге енеді. Ең қауіптісі – олардың жұмысы байқалмайды, антивирус та бірден анықтай бермейді және деректерді ұрлауға мүмкіндік береді.

Сондықтан қауіп әрдайым сырттан келеді деп ойлау қате. Көп жағдайда ол жүйеге қолданушының өзі арқылы енеді. Бұған қоса, қарапайым конфигурациялық қателіктер – қорғалмаған сервер, ашық порттар немесе әлсіз парольдер шабуылдаушыларға дайын «есікті» ұсынады.

IT инфрақұрылымы көбінесе қорғаныс ретінде қабылданады. Бірақ шын мәнінде ол – қақпа. Ал сол қақпаның қаншалықты қауіпсіз екені оны кім және қалай басқаратынына байланысты.


Кибершабуылдар туралы тағы бір қате түсінік – олар міндетті түрде сырттан бұзып кіру арқылы жүзеге асады деген ой. Іс жүзінде көп жағдайда «есік ішінде ашылады». Бір қызметкердің поштасы бұзылса, бүкіл жүйеге жол ашылуы мүмкін.

Өсірісе стартаптарда бұл қауіп жоғары. Жас компаниялардың басты мақсаты – тез іске қосылып, жылдам өсу. Ал қауіпсіздік мәселесі көбіне кейінге қалдырылады. MVP, релиз, инвестор, дедлайн – осының бәрі код сапасы мен қауіпсіздік аудитінен маңыздырақ болып кетеді.

Нәтижесінде жүйе жұмыс істеп тұр, бірақ қорғалмаған. Бастапқыда қарапайым инфрақұрылым уақыт өте күрделенеді, алайда оның әлсіз негізі өзгеріссіз қалады. Ортақ парольдер, арзан хостинг, қорғалмаған серверлер – мұның бәрі тәуекелді арттырады.

Тағы бір осал тұс – ашық API. Интеграцияны жеңілдету үшін жасалған бұл мүмкіндік дұрыс қорғалмаса, ашық есікке айналады. Кей жағдайларда тіпті авторизацияның өзі толық орнатылмайды.

Шағын командаларда ішкі бақылау да әлсіз болады. «Бәріміз бір-бірімізге сенеміз» деген қағидадан барлық қызметкерге толық қолжетімділік беріледі. Логтар тексерілмейді, әрекеттер бақылауға алынбайды. Мұндай жағдайда



1 000 000 ₸ кредит...

қауіп тек сырттан емес, іштен де туындауы мүмкін.

Сонымен қатар стартаптар инвестор алдында жақсы көріну үшін өнімнің сыртқы көрінісін басымдық береді. Интерфейс, функциялар, көрсеткіштер – бәрі мінсіз көрінуі керек. Ал қауіпсіздік көзге көрінбейтіндіктен, кейінге ысырылады.

Қарапайым тілмен түсіндірсек: стартап, мысалы, жаңа салынған заманауи үй, іші жарық, әдемі. Бірақ есігі құлыпсыз, дабыл жүйесі орнатылмаған. Инвестор әдемілікті көреді, ал алаяқ әлсіз тұсын бірден байқайды.

Әлсіз парольдер, қорғалмаған серверлер, ашық API – бұл инвестор үшін өнім болса, алаяқтарға – мүмкіндік. Мемлекеттік жүйелер жағдайында қауіп одан да жоғары. Мұнда шабуыл жеке адамға емес, тұтас мемлекетке бағытталды. Мақсат ақша ғана емес. Жалған eGov.kz хаттары, қызметтік акаунттарды бұзу әрекеттері, деректер базасына қол жеткізу – мұның бәрі сенімді әлсіретуге бағытталған. Қарапайым қолданушы қателесе, бір адам зардап шегеді. Ал мұнда бір қате бүтін жүйені шайқалтады.

Киберқылмыс күн сайын дамып келеді. Бірақ ең үлкен қауіп технологияда емес, оны қолданатын адамда.

Алаяқтар әр түрлі тәсілдерді пай-

даланады: «сыйлық ұтып алдыңыз», «жеңіл несие», «жедел көмек» немесе «көпшілік мақұлдау» сияқты тартымды ұсыныстар арқылы адамдарды қызықтырып, сенімге кіреді. Банк қызметкері болып хабарласу, WhatsApp арқылы фишинг сілтемелер жіберу, Instagram-дағы “арзан тауар” – алаяқтар ең жиі қолданатын тәсілдер. Мысалы, Ержан (аты өзгертілген) арзан телефон сатып алмақ болып, 150 мың теңге аударып, алаяқтың құрбаны болған. Мұндай жағдайлар күн сайын тіркеліп жатыр.

Шын мәнінде, кибершабуылшылардың көбі жүйені бұзбайды. Олар тек адамды өз сезіне иландырады. Демек, басты қауіп жүйеде емес, қолданушының өзінде.

Қорытынды біреу: киберқалқан серверлерде емес, адамдардың санасында.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИБЕРҚАЛҚАНЫ»: НЕ ІСТЕЛІП ЖАТЫР?

Қазақстан цифрлық қауіптердің алдын алу үшін нақты шаралар қабылдауда. «Қазақстанның киберқалқаны» бағдарламасы аясында мемлекеттік жүйелер қорғалады стратегиялық инфрақұрылым бақылауға алынды.

кибершабуылдарды анықтайтын ұлттық орталықтар құрылды. Күнне миллиондаған шабуыл тойтарылады. Нәтижесінде еліміздің киберқауіпсіздік рейтингі көтеріліп, мемлекеттік сектордағы қауіпсіздік деңгейі артты, киберинциденттерге жауап беру жылдамдады.

Бірақ киберқалқан қай жерде әлсіздейді? Жауап – Семейдегі Айгүлдің телефонында. Ұлттық деңгейде жұмыс істейді. Алайда қарапайым азамат кодты айтып қойса, кәсіпкер лицензиясыз бағдарлама қолданса немесе азаматтардың көбі фишинг, деерфак немерсе әлеуметтік инженерия әдістерінен хабарсыз болса, киберқалқан «тесіледі».

КИБЕРҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАҢА ФОРМУЛАСЫ

Бүгінгі күні қорғаныс үш деңгейден тұрады:

1. Мемлекет - инфрақұрылымды қорғайды
2. Бизнес - деректерді сақтайды
3. Азамат - өз қауіпсіздігін өзі қамтамасыз етеді

Үшеуі бірдей жұмыс істемесе, жүйе құлайды.

ЕСКЕРТУ СИГНАЛЫ

Семейдегі оқиғалар – бұл ескерту, цифрландырудың “қараңғы жағы”. Бұл тек өңірлік мәселе емес. Халық өзінің цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмаса болмаса, ұлттық жүйе толық қорғалды деу - жай сөз. Айгүлдің ақшасын хакер ұрлаған жоқ, ол оны өзі берді. Бірақ кіне тек онда емес: азаматтарды қауіпсіздікке үйретпеген жүйеде. Цифрландыру жылдам, түсіндіру жұмыстары баяу, ал адамдар “маған ештеңе болмайды” деп сенеді.

Жуырда облыс көлемінде интернет алаяқтықтың алдын алуға бағытталған «Тоқта, алаяқ!» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Мақсат – азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, интернет алаяқтарының әрекеттері туралы ақпарат беру және жеке деректерді қорғау мәдениетін қалыптастыру.

Іс-шара барысында Семей қаласындағы ірі сауда орындарында, халық көп жиналатын қоғамдық кеңістіктерде, базарлар мен қызмет көрсету орталықтарында, аялдамаларда тұрғындарға интернет алаяқтықтың кең таралған түрлері, жалған инвестициялық жобалар, фишингтік сілтемелер, банк карталары деректерін заңсыз меңдеу, жалған лотереялар мен онлайн несие рәсімдеу тәсілдері туралы ақпарат беріліп, қорғану жолдарын жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ алаяқтықтың негізгі белгілері, одан қорғану тәсілдері және алаяқтарға алданған жағдайда хабарласуға арналған құқық қорғау органдарының байланыс нөмірлері көрсетілген 500-ден астам ақпараттық брошюра таратылды.

Тұрғындардың сауалдарына нақты жауаптар беріліп, құқықтық кеңестер ұсынылды.

– Бүгінгі таңда интернет алаяқтық – қоғам үшін үлкен қауіптердің бірі. Азаматтардың жеке деректерін қорғау мәдениетін қалыптастыру – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Әрбір тұрғын күмәнді әрекеттерге бейжай қарамай, сақтық шараларын есте ұстауы тиіс. Тек бірлескен әрекет арқылы ғана біз алаяқтықтың алдын алып, қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз, – дейді полиция полковнигі Ернар Базаров.

Сонымен, «Қазақстанның киберқалқаны бар ма?» Киберқалқан бар. Бірақ ол темірден емес. Ел азаматтарының киберсауаттылық деңгейі жоғары болса, Киберқалқан мықты болады. Семейдегі бір ғана қоңырау көрсеткендей, цифрлық дәуірде мемлекеттің ең осал тұсы - сервер емес, адам.



АБАЙ

«ЕСКЕРТКІШТЕР СЫР ШЕРТЕДІ...»

Халықаралық тарихи орындар мен ескерткіштерді қорғау күніне орай, Құндызды ауылындағы Ш.Әбенов атындағы орта мектептің 10-сынып оқушылары жазушы Кәмен Оразалиннің музей-үйіне экскурсия жасап қайтты.

Оқушылар музей қабырғасында ұйымдастырылған «Ескерткіштер сыр шертеді көнеден» атты көрмені тамашалап, тарихи-мәдени мұраға қатысты құнды деректермен танысты.

Музей қызметкерлері жазушының өмірі мен шығармашылық жолы туралы кеңінен мәлімет беріп, музей қорындағы жәдігерлердің тарихымен таныстырды.

Іс-шара соңында оқушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

БАСКЕТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Абай ауданында ерлер мен қыздар арасында баскетболдан аудандық жарыс өтті. Жарысқа 6 ауылдық округтен командалар қатысып, тартысты ойын көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша ерлер арасында I орынды Қасқабулақ ауылы, II орынды Қарауыл ауылы, III орынды Кеңгірбай би ауылының командалары иеленді.

Қыздар арасында Қасқабулақ ауылының командасы жеңіске жетті. II орынды Саржал ауылының командасы иеленсе, III орын Көкбай ауылының командасына бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

АҚСУАТ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен салық саласы мамандары кәсіпкерлік нысандарында, оның ішінде дүкендер мен қызмет көрсету орталықтарын аралап, «Тіл туралы» заңның талаптарын түсіндірді.

Кәсіпкерлерге, қолданушы заңнамаға сәйкес, кез келген көрнекі ақпарат, оның ішінде жарнама міндетті түрде мемлекеттік тілде рәсімделуі тиіс, егер бизнес өкілі қажеттілік бар деп санаса, ақпаратты мемлекеттік тілмен қатар орыс немесе басқа тілде рәсімдеуге құқылы екені айтылып, тіл туралы заңнама талаптары бұзылған жағдайда кәсіпкерге алдымен ескерту жасалып, егер қайталанса, жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынатыны ескертілді.

ЖАҢАСЕМЕЙ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шаған кентінде кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мамандарының бастамасымен жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары Айнур Султанова мен Самат Омаргазин, сондай-ақ сала мамандары қатысты.

Басқосу барысында мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы, ауыл шаруашылығын, әсіресе мал және өсімдік шаруашылығын дамыту жолдары жан-жақты талқыланды.

Сондай-ақ қаңғыбас иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау мәселесі де назардан тыс қалмады. Жиында «Қаладан - ауылға» жобасының мүмкіндіктері де түсіндірілді.

ЖАРМА

ЖАҢА ҚОНЫС – 2026

Түркістан облысында өткен «Жаңа қоныс - 2026» жәрмеңкесіне облыс делегациясы мүшелері - Жарма ауданы әкімінің орынбасары С.А.Сатпеков пен Қаратөбе ауылдық округінің әкімі Н.З.Зайырбеков қатысып қайтты.

Түркістан облысының Сарыағаш, Сайрам аудандарында өткен іс-шарада қатысушыларға қоныс аударту мүмкіндіктері туралы ақпарат берілді. Делегация мүшелері тұрғындарға қоныс аударту шарттарын түсіндіріп, бос жұмыс орындары, сұранысқа ие мамандықтар, ұсынылатын әлеуметтік қолдау түрлері және еңбек жағдайлары туралы мәліметтер ұсынды.

БАҚЫРШЫҚТАҒЫ СЕНБІЛІК

Жарма ауданына қарасты Өуезов кентіндегі Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорнында «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілікке шықты. Кәсіпорын қызметкерлері сенбілікке белсене қатысып, кәсіпорынның аумағын ағаш жапырақтары мен қоқыстардан тазартты. Жол жиектері әктеліп, боялды. Сонымен қатар ағаштар көктемгі өңдеуден өткізілді.

БОРОДУЛИХА

БАҒА БАҚЫЛАУДА

Аудан аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында жергілікті билік тарапынан тұрақты түрде мониторинг жұмыстары жүргізілуде.

Жұырда мониторингтік топ аудан орталығындағы бірқатар сауда нысандарын аралап, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасына талдау жасады. Іс-шара барысында кәсіпкерлерге қолданыстағы заңнама талаптары түсіндіріліп, әлеуметтік маңызы бар тауарларға қосылатын үстеме бағаны 10–15 пайыздан асырмау керектігі ескертілді. Мамандар баға тұрақтылығын сақтау тек заң талабы ғана емес, сонымен қатар халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілік екенін атап өтті.

АБАЙ

«АУЫЛ АМАНАТЫ» - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Абай ауданында өз ісін бастауға немесе дамытуға ниетті ауыл тұрғындары көп жылдан бері қаржылық мүмкіндіктердің тапшылығын сезініп келді. Әсіресе бұл мәселе мал шаруашылығы саласында айқын байқалды. Бастапқы капиталдың болмауы кәсіпкерліктің дамуын тежеп, тұрғындардың өз әлеуетін толық жүзеге асыруына мүмкіндік бермеді. Соның салдарынан көптеген шаруашылықтар шағын деңгейде қалып, ауқымын кеңейте алмай

Бұл жағдай «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы іске қосылғаннан кейін өзгере бастады. Бағдарлама ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несиеге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, өз ісін бастауға ғана емес, оны тұрақты табыс көзіне айналдыруға жол ашты.

Осы жобаның нақты нәтижесін көрсететін жарқын мысалдардың бірі – зейнеткер Азамат Тілеуханов. Ол өңірде алғашқылардың бірі болып жоба аясында 8,6 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несиені алып, жылқы шаруашылығымен айналыса бастады. Алғашында 21 жылқы сатып алған аудан тұрғыны бүгінде мал басын 51-ге дейін көбейтіп, кәсібін отбасылық шаруашылыққа айналдырды.

Бұл мысал мемлекет қолдауының тиімділігін ғана емес, ауыл экономикасындағы нақты өзгерістерді де айқын көрсетеді. Ең бастысы, ауыл тұрғындарының өз күшіне деген сенімін арттырып, кәсіпке бет бұруға деген ынтасын күшейтіп отыр.

Жобаның әлеуметтік әсері де ерекше. Зейнеткердің ұлы Әлихан әкесіне көмектесіп, мал күтімі мен шаруашылық жүргізудің қыр-сырын меңгеруде. Осылайша, еңбекке баулу, тәжірибе алмасу үрдісі қалыптасып, бұл бастаманың тек экономикалық емес, әлеуметтік тұрғыдан да маңыздылығын айқындай түседі.

Кәсіпкердің айтуынша, берілген мүмкіндік – үлкен жауапкершілік пен сенім.

– Мұндай мүмкіндік жайдан-жай берілмейді – бұл үлкен жауапкер-



шілік пен сенім. «AMANAT» партиясына қолдау көрсетіп, осындай мүмкіндік бергені үшін алғысым шексіз. Бүгінде бастаған ісімді дамытуға және өз әлеуетімді толық жүзеге асыруға жол ашылды. Еңбек пен ниет болса, мүмкіндік әрқашан табылады. Алдағы уақытта шаруашылығымның ауқымын одан өрі кеңейтуді жоспарлап отырмын, – дейді Азамат Тілеуханов.

Жоба аудан көлемінде де айтарлықтай нәтиже беруде. 2023 жылы жеңілдетілген несиені 17 адам алды. Олардың басым бөлігі Қарауыл ауылында, сондай-ақ Көкбай және Күндізді ауылдарында. Барлық жобалар мал шаруашылығын дамытуға бағытталып, жалпы қаржыландыру көлемі 114 миллион

теңгені құрады.

Нәтижесінде ауыл тұрғындары мал басын көбейтіп қана қоймай, өз өнімін нарыққа шығара бастады. Бүгінде олар сүт, құрт, қаймақ, ет секілді табиғи өнімдерді дайындап, халыққа ұсынуда. Бұл жергілікті нарықтың қалыптасуына, сұраныстың артуына және тұрғындарды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар жоба аясында жаңа жұмыс орындары құрылып, тұрақты табыс көздері қалыптасты. Бұл ауыл экономикасының жандануына және халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруына оң әсер етуде.

Өңірлік деңгейде де жоба өзінің тиімділігін дәлелдеді. 2023 жылы



«Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыруға 2 059,5 млн теңге бөлініп, 6 аудан мен 96 ауылдық округ қамтылды. Нәтижесінде 280 жаңа жұмыс орны ашылып, 210 жаңа кәсіпкер тіркелді.

Бағдарлама аясында несиелер 2,5% жылдық мөлшерлеменен 7 жылға дейін берілді. Жалпы саны 363 жеңілдетілген несиені ұсынылып, ірі және ұсақ мал шаруашылығы, жылқы өсіру, омарта шаруашылығы және басқа да кәсіп түрлері қамтылды.

Осылайша, «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы Абай ауданында ауыл кәсіпкерлігін дамытудың тиімді тетігіне айналды. Ол экономикалық өсімді қамтамасыз етіп қана қоймай, халықтың тұрмысын жақсартып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, отбасылық кәсіпті дамытуға және тұрғындарды сапалы өніммен қамтамасыз етуге ықпал етуде.

Өз тілшіміз

АҚСУАТ

ДЕПУТАТ АРДАГЕРЛЕР ОРТАСЫНДА

Ақсуат ауданындағы «Мәуліт» шаруа қожалығының және «Жансерік» ЖШС құрылыс компаниясының басшысы, Абай облысы мәслихатының депутаты Қайырлы Қасенов Ақсуат ауылында ардагерлер алқасының мүшелерімен кездесіп, «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру, оның тиімділігін арттыру мәселелері жөнінде әңгіме өткізді.



БЕСҚАРАҒАЙ

«QAZ MILK» ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Бесқарағай ауданының агроөнеркәсіптік әлеуетін арттыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Осы бағыттағы жұмыс кестесіне сәйкес, аудан әкімі Ділдар Қалиқанұлы Бесқарағай ауданына қарасты «Қалиқанұлы» шаруа қожалығының Семей қаласында орналасқан «Qaz milk» сүт өңдеу цехына арнайы барып, өндіріс барысымен танысты.

Аудан басшысы аралаған бұл өндіріс орны – бүгінде өңіріміздің азық-түлік өнімдерінің сапасын қамтамасыз етуге елеулі үлес қосып отырған іргелі кәсіпорын. Цех жұмысында заманауи технология мен дәстүрлі сапа ұштасқан. Мұнда күнделікті тұтынуға қажетті сүт, айран, қаймақ, сүзбе мен сары майдың бірнеше түрі дайындалады. Кәсіпорын тек сүт өнімдерімен шектеліп қалмай, шұжық өндірісін де жолға қойған. Қазіргі таңда цехтан шұжықтың 20-ға жуық түрі шығарылады. Тәулігіне 15 мың тоннаға жуық сүт өңдейтін кәсіпорынның басты ұстанымы – ешқандай қоспасыз, нағыз ауыл өнімін қала тұрғындарына жеткізу.

Аудан басшысы Ділдар Қалиқанұлы отандық өнімнің сапасына жоғары баға беріп, бәсекеге қабілеттілігін атап өтті. Кәсіпорынның басты артықшылығы – өнімдердің ешқандай қоспасыз, таза табиғи қалпында тұтынушыға жетуі. Қазіргі уақытта өндіріс аумағында жаңа цехтың құрылысы қарқынды жүргізілуде. Шаруа қожалығының жетекшісі Марат Қалиқанұлының айтуынша, нысан биыл пайдалануға берілімек. Жоба толық іске қосылған жағдайда, өндірістік қуаттылық тәулігіне 50 мың тоннаға дейін артады, бұл қазіргі көрсеткіштен үш есе көп. Жаңа цехтың іске қосылуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, тұрғындар табысын арттыруға, аудан экономикасының дамуына серпін береді.

«Qaz milk» өнімдері ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде әрқашан жо-



ғары сұранысқа ие. Тұрғындардың отандық өнімге деген сенімі кәсіпорынның дұрыс бағытта келе жатқанын көрсетеді.

Іссапар соңында аудан әкімі Ділдар Қалиқанұлы осындай өндірістік бастамалардың аудан үшін маңыздылығын атап өтіп, алдағы уақытта да кәсіпкерлерге қолдау көрсетілетінін жеткізді.

– Біздің мақсатымыз – жергілікті өнімнің үлесін арттырып, Бесқарағай брендині кеңінен таныту, – деді аудан басшысы.

Ш.ДОСКЕЕВА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДАДА ТОП ЖАРДЫ

Астана секциясындағы №115 жалпы орта білім беретін «Келешек» мектебінде өткен «Ғылым әлемін ашамыз – 2026» атты халықаралық ғылыми конкурсы өз мәресіне жетті. Ғарышкерлер күні мен Ғалымдар мерекесіне орайластырылған бұл айтулы шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен, сондай-ақ Қытай мен Түркия елдерінен 200-ден астам дарынды оқушы мен 20 ғылыми жетекші қатысты.

сындағы отандық және әлемдік жетістіктерді насихаттау, сондай-ақ халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту болды.

Аталған байқауға облысымыз бен ауданымыздың намысын қорғауға Нұрлыбек Баймұратов атындағы орта мектептің 8-сынып оқушысы Алматы Александров қатысқан болатын. Үш бағыт бойынша өткен білім сайысында «Су зымырандары» секциясында бақ сынаған Алматы үздік нәтиже көрсетіп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің I дәрежелі дипломымен, алтын медальмен және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамотасымен марапатталды.

Алматы бұл жеңісінде ғылыми жетекшісі – физика пәнінің мұғалімі Мейрамғали Жексенбаевтың еңбегі зор.

Айта кету керек, байқаудың алдын ала іріктеу кезеңінде 2 мыңға жуық өтініш түсіп, тек ең дарынды оқушылар ғана финалға жолдама алды. Бұл байқау ғылым мен техника саласындағы жаңалықтарды зерттеп, жас дарындардың шығармашылықтарын дамытуға арналған маңызды алаң болды. Білім сайысы дарынды оқушылардың ғарыш саласындағы соңғы жетістіктермен танысып, ғылым мен технологияның мүмкіндіктерін, болашақ ғалымдар мен инженерлер үшін халықаралық ынтымақтастықтың маңызын түсінуге мүмкіндік жасады.

Оқушымыздың халықаралық білім сайысында биіктен көрінуі – ауданымыз ғана емес, облысымыз үшін де зор мақтанш.

«СТ» - ақпарат



БОРОДУЛИХА

Халықпен ашық әрі тиімді диалог орнату, олардың ұсыныс-пікірлері мен өзекті мәселелерін тыңдау – жергілікті биліктің негізгі міндеттерінің бірі. Бұл ретте қоғамдық қабылдаулар – азаматтардың мұң-мұқтажына құлақ асып, көтерілген мәселелердің шешім табуына ықпал ететін маңызды алаң. Осы мақсатта аудан басшылығы тұрғындарды жеке мәселелері бойынша жиі қабылдайды.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Кезекті қабылдау «AMANAT» партиясының аудандық филиалында өтіп, тұрғындарды толғандырған түрлі сұрақтар мен ұсыныстар қаралды.

Қабылдау барысында көтерілген ең маңызды мәселелердің бірі Новошұльбинск ауылдық округіндегі жер қатынастарына қатысты болды. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Талғат Мұратов тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстарды тиісті бөлімдермен бірлесе отырып, заң аясында жан-жақты қарастыруды тапсырды.

Қабылдауға келген тұрғындардың бірі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілерін жарыстарға тасымалдау мәселесі ата-аналарды алаңдатып отырғанын жеткізді. Жас спортшылардың облыстық және республикалық додаларда аудан намысын лайықты қорғауы үшін көлік мәселесін шешу – ке-

зек күттірмейтін шаруа. Осыған орай, білім бөлімі басшылығына жас спортшыларға арнайы көлік қарастыру мүмкіндігін қарастыруды жүктеді.

Қабылдауға келген жастар мен мамандар мемлекеттік қызметке орналасу тәртібі туралы сұрақтарын қойды. Азаматтарға заңнамалық талаптар мен іріктеу кезеңдері туралы толықтай түсіндірілді.

Бүгінде мемлекет тарапынан ауылды дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Соның бір айғағы – облысымызда жүзеге асырылып жатқан «Қаладан – ауылға» жобасы. Қабылдау барысында қаладан ауылдық жерге көшуге ниет білдірген азаматтардың өтініштері де қаралды. Алдағы уақытта өтініш берген азаматтармен жеке жұмыстар жүргізіліп, қоныстануға қолайлы елді мекендер таныстырылып, баспана мен жұмыс орындары қарастырылатын болады.



Қоғамдық қабылдаудың қорытындысы бойынша, көтерілген барлық мәселелер бақылауға алынып, тиісті мамандарға нақты тапсырмалар берілді. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Талғат Мұратов тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелерді жеке бақылауында ұстайтынын айтты.

Шайза АСАНҚЫЗЫ



**АЯГӨЗ
ЖОЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ
НАЗАРДА**

Аягөз ауданында республикалық маңызы бар Қарағанды – Аягөз – Тарбағатай – Боғас автожолының 320–704 шақырым аралығындағы жағдайы бойынша кеңес өтті.

Кеңеске Аягөз ауданының әкімі А.Нұғымаров, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Абай облысы филиалы, «ҚАЗСервис» ЖШС облыстық филиалы, Абай облысы жолаушылар келігі және автомобиль жолдары басқармасы, Абай облысы бойынша келіктік бақылау инспекциясы, сондай-ақ «Қазақмыс корпорациясы» АҚ мен «Sarybulak Oregating» ЖШС өкілдері және Аягөз ауданының тұрғындары қатысты.

Жиында шамадан тыс жүк артқан ауыр жүк көліктерінің жүріп өтуі салдарынан жолдың зақымдануы негізгі мәселе ретінде көтерілді. Тараптар жүк тасымалын реттеу, жүктемеге бақылауды күшейту және баламалы технологиялық жол салу мәселелерін талқылады.

**1000 ТҮП АЛМА АҒАШЫ
ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ**

Аягөз ауданының Ақшәулі ауылында «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында 1000 түп алма ағашы отырғызылды. Іс-шараға аудан әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаров, ауыл әкімі және тұрғындар қатысты.

Ігі істің бастамашысы – ұзақ жылдан бері бағбандықпен айналысып келе жатқан ауыл тұрғыны Талғат Байбашов. Мемлекеттік грант ұтып алған азамат өз кесімін дәмелік отырып, туған жердің гүлденуіне үлес қосып келеді.

Ауыл аумағын көгалдандыруға бағытталған бағамда жергілікті тұрғындардың ауызбіршілігін де көрсетті.

БЕСҚАРАҒАЙ

**200-ДЕН АСТАМ
КІТАПТЫ ТАРТУ ЕТТІ**

Жомарт жүректі меценат Балтабек Мұқашев аудандық кітапхана қорына 222 дана кітапты сыйға тартты.

Меценат тарту еткен әр түрлі жанрдағы кітаптар арасында көркем әдебиет, танымдық еңбектер мен балаларға арналған туындылар да бар.

Кітапхана ұжымы мен оқырмандар Балтабек Құмарұлының бұл жомарттығына ризашылықтарын білдірді.

Кітап сыйлау – жай ғана қайырымдылық емес, бұл ұлт болашағы мен жас ұрпақ тәрбиесіне салынған ең үлкен инвестиция.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМДІ
НЫҒАЙТҚАН КВИЗ**

Бесқарағай ауданында «Конституция және жастар» атты квиз өтті. Іс-шара барысында қатысушылар Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша білімдерін сынап, түрлі логикалық сұрақтарға жауап берді.

Квиз бірнеше кезең бойынша ұйымдастырылды. Жастар белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізді. Шара олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және патриоттық сезімді нығайтуға ықпал етті.

Қорытындысында үздік командалар арнайы сертификаттармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай танымдық шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

ҰРЖАР

**ТҰРҒЫНДАРМЕН
КЕЗДЕСТІ**

Аудан әкімі Ақылбек Башимбаев Көлденең және Көкөзек ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесулер өткізді. Жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, жүзеге асырылып жатқан жобалар мен алдағы жоспарлар таныстырылды.

Кездесуде тұрғындар жол, инфрақұрылым, әлеуметтік мәселелер бойынша өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, көкейкесті сұрақтарын қойды. Тұрғындардың өтініш-тілектерін мұқият тыңдаған аудан әкімі нақты жауаптар беріп, көтерілген барлық мәселелер назарға алынатынын жеткізді.

Кездесуден кейін аудан басшысы азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады.

**КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР
БАЙҚАУЫ**

Ұржар ауданында Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен өтетін «Абай елі – өнер кеңіші» атты көркемөнерпаздар байқауының іріктеу кезеңі өтті.

Аудандық Мәдениет үйінде өткен шарада өңір өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, ұлттық өнердің сан қырын паш етті.

Өңірдегі өнер мен мәдениетті дамыту, шығармашылық ұжымдарды қолдау және ұлттық жұмырмен насихаттауды көздеген байқауға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері мен мәдениет саласының үздік өкілдерінен құралған қазылар алқасы төрелік етті.

Іріктеу кезеңінде үздік деп танылған ұжымдар облыс орталығында өтетін гала-концертке жолдама алады.

МАҚАНШЫ

**АЛАКӨЛ –
ТАЗАЛЫҚТЫҢ АЙНАСЫ**

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Мақаншы ауданында ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді. Аудан әкімі Дәурен Қойгелдиннің бастамасымен 500-ге жуық тұрғын бір кісідей жұмылып, Алакөл жағалауын қоқыстан тазартты.

Жағалау ретке келтіріліп, артық ағаштар кесіліп, аумақ жабайы шөптерден тазартылды. Бұл – туған жерге деген жанашырлықтың нақты көрінісі.

Аудан басшылығы демалыс орындарының мелеіріне Алакөлдің көркін сақтауға, тазалықты тұрақты түрде қамтамасыз етуге және демалушыларға қолайлы жағдай жасауға бірге атсалысуға шақырды.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА БЕТБҰРЫС

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар өңірлердегі нақты мәселелердің шешім табуына ықпал етіп, ауыл өміріне жаңа серпін беруде. Сондай жобалардың бірі – Бородулиха ауданы тұрғындары үшін маңызды нысанға айналған жаңа спорт кешені.



Бұған дейін ауданда заманауи спорт инфрақұрылымы болмаған. Жастар мен мектеп оқушылары спортпен жүйелі түрде айналысу үшін қолайлы орын таппай, көбіне мектеп залдары мен ашық алаңдарда жаттығатын. Өңірлік деңгейдегі спорт жарыстарының өзге елді мекендерде өтуі де жастардың мүмкіндігін шектеп келді.

2024 жылы «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі салынып, пайдалануға берілді. Бүгінде аудандағы негізгі спорт нысанына айналған кешен заманауи талаптарға сай жабдықталған. Кешен базасында бірнеше ойын залы, жүзу бассейні және 500 орындық стадион бар. Бейнебақылау жүйесі орна-

тылып, қауіпсіздік талаптары да толық сақталған. Спорт мектебінде бокс, күрес, дзюдо, футбол, волейбол, жүзу, қазақ күресі, хоккей сынды спорт түрлері бойынша секциялар жұмыс істейді. Қазіргі таңда мұнда 650-ден астам бала тұрақты түрде спортпен шұғылдана, 622 жасөспірім 12 спорт түрі бойынша жүйелі дайындықтан өтуде. Сонымен қатар ауданда мини-футбол, баскетбол, бокс және өзге де жарыстар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Бұл тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға оң ықпал етуде.

Жаңа кешенде жаттығып жатқан жергілікті жастар жетістіктерге де жетуде. 2025 жылы шаңғы жарысынан Қазақстан чемпионатында Дария Волкова II орын иеленсе, бокс бойынша Әлишер Күсембаев республикалық турнирде жеңіске жетті. Дзюдодан Арнұр Құмаров пен Еркенұр Маратқызы облыстық деңгейде жүлдегер атанды. Арнұр Құмаров сонымен қатар республикалық додала I орынды иеленді. Бұл – жас спортшыларға жасалған жағдайдың нақты жемісі.

Алдағы уақытта кәсіби спортшылардың жаңа буыны қалыптасатынына сенім мол.

– Бұрын ауданымызда балаларға арналған мұндай спорт кешені жоқ еді. Балаларымызға спортпен айналыстан жер жетіспейтін. Енді ауылымызда заман талабына сай жаңа спорт кешені ашылып, балаларға барлық мүмкіндік жасалды. Қазір олар осы кешенде спортпен шұғылданып, бос уақытын пайдалы өткізіп жүр. Менің де балам осы кешендегі бассейнге барады. Бұл оның көптен бергі арманы еді. Ең бастысы, балаларымыздың қауіпсіз жерде жүргеніне сенімдіміз. Барлық жағдайы жасалған. Осындай нысанның ашылуына ықпал еткен «AMANAT» партиясына ризашылығымызды білдіреміз, – дейді Бородулиха ауылының тұрғыны Еркежан Маулықанова.

Жаңа нысанның ашылуы тұрғындардың жұмыспен қамтылуына да серпін тигізді. Қазіргі уақытта кешенде 70-тен астам адам еңбек етеді, оның 30-дан астамы – жаттықтырушы.

Спорт мектебі барлық тұрғындар үшін қолжетімді. Белгіленген уақыттарда ересек адамдар да келіп, спортпен шұғылдануға мүмкіндік жасалып отыр. Соның нәтижесінде Бородулиха тұрғындарының спортқа деген қызығушылығы артып келеді.

Жалпы, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында облыста спорт инфрақұрылымы дамып келеді.

«AMANAT» партиясы Абай облысы филиалының баспасөз қызметі

ЖАРМА

Қалбатау ауылындағы Жастар үйінде шахматтан ересектер арасында аудан біріншілігі өтті. Аталған жарыс аудан көлемінде зияткерлік спорт түрлерін дамытуға, тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға және үздік шахматшыларды анықтауға бағытталды.

ШАХМАТТАН АУДАН БІРІНШІЛІГІ ӨТТІ

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан бұл сайыста ауданның әр елді мекенінен келген қаты-

сушылар өзара бақ сынасты. Шахмат тақтасы үстіндегі тартысты бәсекелер ойыншылардың жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Шилениске толы болған әрбір шахмат партиясында қатысушылардың логикалық ойлау қабілеті мен страте-



КӨКПЕКТІ

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»: 6 ЖЫЛДЫҢ ЖЕМІСІ

Ауылдарды дамытып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту – мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Осы ретте ел көлемінде жүзеге асырылып келе жатқан «Ауыл – ел бесігі» жобасының маңызы зор. Аталған бағдарлама аясында Көкпекті ауданында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, соңғы жылдары нақты нәтижелерге қол жеткізілді. 2019–2025 жылдар аралығында жалпы құны 2,4 млрд теңгені құрайтын 26 жоба іске асырылды.

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

Тұрғындардың әл-ауқатының артуына, ауылдардың дамуына оң әсерін тигізген бағдарламаны жүзеге асыру барысында ауданда инфрақұрылым айтарлықтай жаңарды.

Қазіргі күні соңғы үлгіде салынған спорт нысандары ауыл халқы үшін де қолжетімді. Көкпекті ауылында заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен жүзу бассейнінің ашылуы ауыл өміріндегі үлкен жаңалық болды. Бұл нысандар өсіресе жастардың спортпен шұғылдануына, салауатты өмір салтын ұстануына жол ашып отыр.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Көкпекті, Преображенка, Теректі және Тассай ауылдарында жолдар орташа жөндеуден өтті. Жол сапасының жақсаруы елді мекендер арасындағы қатынасты жеңілдетіп, ауыл тіршілігінің жандана түсуіне ықпал етті.

Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жарықтандыру жұмыстары да тұрақты жүргізілуде. Аудан аумағындағы 14 елді мекенде көшелердің жарықтандыру жүйесі жаңартылып, заманауи шамдар орнатылды. Биғаш, Егінбұлақ, Үлкенбөкен, Кекжайық, Үлгілімалшы ауылдарында түнгі уақытта жарық әрі қауіпсіз. Бұл жастар мен жасөспірімдер арасындағы заңсыз әрекеттердің алдын алуға да ықпал етеді. Бұл өзгерістер тұрғындардың қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, ауылдардың жалпы келбетін де жақсартта түсті.

гиялық шеберлігі сынға түсті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жарыстар шахмат спортына деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар жастар мен ересектер арасында зияткерлік ойындарды насихаттауға серпін бермек.

Жарыс қорытындысы бойынша, ерлер арасында үздік нәтиже көрсеткен Қалбатау ауылының тұрғыны Маран Ауғанбаев жеңіске жетіп, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды Шар қаласының тұрғыны Жандос Кабдуллин алса, үшінші орын Шар қаласының тағы бір шахматшысы Мейіржан Камалиевқа бұйырды.

Ал әйелдер арасында Бірлік ауылының шахматшысы Алина Беркутбаева топ жарып, бірінші орынды жеңіп алды. Қалбатау ауылының өкілі Лаура Айтқазина екінші орынға тұрақтаса, үшінші орынды Шар қаласынан келген Татьяна Баядилова иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылар тарапынан марапатталып, алғысқа ие болды. Олардың табысты өнер көрсетуі өзге қатысушыларды ынталандырып, алда өтетін жарыстарға деген қызығушылықтарын арттыра түсті.

Жалпы, Қалбатауда өткен бұл аудан біріншілігі тұрғындар арасында зияткерлік спортқа деген қызығушылықтың артуына ықпал етері сөзсіз. Ұйымдастырушылардың айтуынша, осындай жарыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, денсаулығын нығайту, белсенді өмір салтын қалыптастыру мақсатында да нақты жұмыстар атқарылды. Көкпекті ауылында жаңа спорт алаңы, ал Ажа ауылында Workout алаңы салынып, жасөспірімдер үшін қолайлы жағдай жасалды.

Жалпы алғанда, Көкпекті ауданында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде атқарылып жатқан жұмыстар ауылдардың келбетін жаңартып қана қоймай, оның болашағына деген сенімді нығайта түсті.





АЯГӨЗ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АГРОСЕКТОР: САНДАРДЫҢ АСТАРЫНДАҒЫ СЕРПІН

Ауыл шаруашылығы - кез келген өңірдің экономикалық тамыры ғана емес, оның өмір-шендігінің басты өлшемі. Аягөз ауданы үшін ауыл шаруашылығы - бұл өңірдің экономикалық тірегі, әлеуметтік тұрақтылықтың өзегі. Соңғы деректер бұл саланың еңсесін тіктеп келе жатқанын аңғартады.



Өткен жылдың қорытындысы бойынша, ауданның ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 33 млрд 300 млн теңгеге жетіп, нақты өсім 102,4 пайызды құраған. Бір қарағанда, бұл аса үлкен көрсеткіш емес сияқты көрінуі мүмкін. Алайда ауыл шаруашылығында тұрақты өсімнің өзі - үлкен жетістік. Себебі бұл сала табиғатқа, ауа райына, жем-шөп қоры мен нарыққа тікелей тәуелді. Осындай жағдайда 2-3 пайыздық нақты өсімнің өзі жүйелі жұмыстың нәтижесі екенін білдіреді.

Жалпы өсімге, негізінен, мал шаруашылығы серпін беріп отыр. Ірі қара саны 100,7 пайызға, ұсақ мүйізді мал басы 101,8 пайызға, жылқы саны 103,6 пайызға, құс саны 103,4 пайызға жетті. Өсіресе жылқы түлігінің көбеюі - көздейсоқ емес. Бұл ұлттық өнімге деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. Демек, Аягөз болашақта шикізат өндіруші ғана емес, ет, қымыз секілді дайын өнім шығаратын өңір ретінде де әлеуетін күшейте алады.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Айбек Нұғымаровтың айтуынша, биыл ауыл ша-

руашылығы өнімінің көлемін 36 млрд 704 млн теңгеге жеткізу жоспарланған. Бұл шамамен 3,4 млрд теңгеге артық. Дегенмен мұнда бастысы - өнім көлемі ғана емес, оның сапасы. Өсім бұрынғы тәсілмен емес, жаңа технология мен дұрыс жоспарлау, тиімді ұйымдастыру арқылы жүзеге асса, оның нәтижесі де ұзақ мерзімді болмақ.

Мал басын көбейту жоспары да ауқымды: ірі қараны 116 200 басқа, ұсақ мүйізді малды 205 мың басқа жеткізу көзделіп отыр.

Алайда сапа мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Өйткені мал басын көбейту жайылым, жем-шөп базасын нығайту және ветеринариялық қауіпсіздік мәселесін шешуді талап етеді. Осы орайда жайылымдарды тиімді пайдалану үшін бөлінген 62 млн 934 мың теңге - дер кезінде қабылданған шешім. Бұл қаржы экологиялық тепе-теңдікті сақтауда да маңызды.

Өндірілген өнім көлемі туралы айтатын болсақ, ет 102,4 пайызды, сүт 102,6 пайызды құрап отыр. Бұл көрсеткіштер ауыл шаруашылығының тек экстенсивті емес,

біртіндеп интенсивті даму жолына бет бұрғанын аңғартады. Яғни, мал санын көбейтуге ғана емес, одан алынатын өнім көлемін арттыруға басымдық беріліп отыр.

Саладағы маңызды өзгерістің бірі - техниканың жаңартылуы. Былтыр 67 шаруашылық 1 млрд 175 млн теңгеге 105 бірлік техника сатып алған. Оның ішінде 71 трактор бар. Биыл 229 трактор есептен шығарылып, олардың орнына 70 жаңа техника алу жоспарланған. Бұл жерде техника саны азайғанымен, сапа артады. Яғни ескі, тиімсіз техниканың орнына өнімділігі жоғары заманауи құралдар келеді. Бұл - ауыл шаруашылығы саласындағы жаңғырудың нақты көрінісі.

Инвестиция көлемі де едәуір артап. Өткен жылы салаға 931 млн теңге тартылса, биыл бұл көрсеткішті 4 млрд 500 млн теңгеге жеткізу жоспарланып отыр. Бұл - шамамен бес есеге жуық өсім. Бұл инвесторлардың ауыл шаруашылығын табысты сала ретінде қабылдай бастағанын көрсетеді. Ал инвестиция келген жерге жаңа технология келеді, жаңа жұмыс орындары ашылып, жаңа мүмкіндіктер пайда болады.

Жалпы, Аягөздің аграрлық саласы бүгінде дәстүрлі тәсіл мен жаңашылдықты ұштастыра отырып дамып келеді. Бір жағынан, мал шаруашылығына негізделген дәстүрлі үлгі сақталған. Екінші жағынан, техника жаңарып, инвестиция көбейіп, басқару тәсілдері жетілдірілуде.

Ең бастысы, бұл көрсеткіштер тек қағаз жүзінде болмауы тиіс. Егер өсім ауыл тұрғындарының тұрмысының жақсаруына әсер етсе, жастар жұмыспен қамтылып, ауылда қалып жатса, онда бұл - шынайы даму.

Ауданның бүгінгі ауыл шаруашылық саласы дұрыс бағытта дамып келеді. Аграрлық секторды дамыту, оның ішінде мал шаруашылығын өркендету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл, өз кезегінде, ауылдық елді мекендердің дамуына, халық санының артуына және өңір экономикасының тұрақты өсуіне оң әсерін тигізеді.

ОҚЫРМАН ОЙ АРҚАЛАП КЕЛДІ

Редакцияға Аягөз ауданының Мәдениет ауылынан мемлекеттік қызмет ардагері Бақытжан Жұмаханов есімді оқырманымыз келді. Жай емес, ел демографиясына алаңдаушылық білдіріп, маңызды мәселені көтеріп келді.

Төменде оқырманымыздың мақаласын назарларыңызға ұсынамыз.

Редакциядан

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ДЕМОГРАФИЯНЫҢ ДІНГЕГІ



Қазақта «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген терең мағыналы сөз бар. Бұл - отбасының адам өміріндегі, тіпті тұтас ұлт тағдырындағы орнын айқындайтын нақыл. Яғни, шаңырақ көтеріп, жұп болып, бір-біріне сүйеніш болғанда ғана ырыс-несібе артады. Бақыт пен байлықтың бастауы отбасында. Бүгінде осы ұстанымның әлсіреуі қоғамда демографиялық және әлеуметтік мәселелердің ушығуына әкеліп отыр.

Теледидардан берілген статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тек 1 қаңтар күні ғана Өзбекстанда 1850 бала, Қырғызстанда 354 бала дүниеге келсе, Қазақстанда небәрі 250 сәби өмір есігін ашқан екен. Бұл көрсеткіштер еліміздің көрші мемлекеттермен салыстырғанда демографиялық өсім жағынан кейін қалып отырғанын аңғартады.

Мен ауыл әкімі болып қызмет істеген жылдары бойдақтардың санын арнайы есептеген кезім болды. Баршағас ауылында 1450-1500 тұрғын болса, соның 100-і 30-60 жас аралығындағы бойдақ ер-азамат болған. Ал тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан қыз-келіншектер саны 30-35 шама-сында болыпты. Бұл жағдай тек бір ауылға тән емес. Мәдениет ауылына көшіп келген соң мұнда да, көрші ауылдарда да жағдай осындай екеніне көз жеткіздім. Өр ауылда шамамен 10-ға жуық бойдақ жігіт бар.

Қарап отырсақ, қазіргі күні шаңырақ құрмай жүрген жастардың ойы да, бойы да бар, көпшілігі білімді, қызметте жүрген азаматтар. Тіпті өзімнің де әлі үйленбеген 40-қа толған, 40-тан асқан жиендерім бар. Олардың ішінде жоғары білім алып, докторлық диссертация қорғауға дайындалып жүргендері де бар. Егер осы бойдақтар шаңырақ көтерсе, еліміздің демографиясы әлдеқайда жақсарар еді. Халық санының өсімі туралы ресми мәліметтерге күмәнмен қарайтынмыз жасыраймын. Менің ойымша, қазіргі өсім көбінесе шет елдерден оралып жатқан қандастар мен отүстік өңірлердегі табиғи өсім есебінен қалыптасты отыр. Егер қыз-жігіттер отбасын құрып, әр шаңырақта кемінде екі баладан болса, халық саны да артып, ауыл мектептері де балаға толар еді.

Кеңес кезінде сақманға, қой телдету науқанына, Семей қаласындағы түрлі кәсіпорындардан жастар жіберілетін. Олардың ішінде бір-бірімен тіл табысып, кейін отбасын құрған жұптар көп болатын. Мысалы, бір ғана жаздың ішінде Мәдениет ауылында 17 жас шаңырақ көтергені өсімизде. Сонымен қатар жеңгетайлық та жастардың арасына дөнекер болып, бірінен-бірі түсінісіп, жарасып кетуіне ықпал еткен салт-дәстүрлердің бірі болды.

Қазір ешкім ешкімге көңіл бөлмейді. Қоғам болып демографияға назар аударсақ деген ойым бар.

Аягөз қаласындағы жағдайды да мысалға келтірейін. Бір мекемеде 10 қыз жұмыс істесе, соның тек үшеуі ғана тұрмыста, үшеуі ажырасқан, төртеуі тұрмыс құрмаған. Барлығы да білімді, тәрбиелі жандар.

«Бұларға не болған?» деп ойлайсың. Қазіргі заманда табыс пен қызмет бірінші орынға шығып кетті ме? Құндылықтарымыздан айырылып бара жатқан жоқпыз ба? 30 жастан кейін ер-азаматтар жалғыздыққа үйреніп кете ме деп те алаңдаймын.

Шынында да, бұл мәселе жеке адамдардың таңдауы ғана емес, жалпыұлттық сипат алып отыр. Соңғы деректерге сәйкес, Қазақстанда 1,9 миллионнан астам отбасын құрмаған ер-азамат және 1,8 миллионнан астам тұрмысқа шықпаған әйел бар екен. Бұл - демографиялық үдерістерге тікелей әсер ететін маңызды көрсеткіш. Мұндай үрдістің салдары айқын. Біріншіден, туу көрсеткіші төмендеді: кеш үйленгендер бала санын шектейді. Екіншіден, ажырасудан кейінгі қайта некелесу көбейеді. Үшіншіден, халықтың қартаюуы үдейді, бұл, өз кезегінде, еңбекке қабілетті тұрғындар үлесінің азаюына алып келеді.

Бұл жағдайдың себептері де әр түрлі. Ең алдымен, экономикалық қиындықтар - баспананың қымбаттығы, тұрақты жұмыстың болмауы, той шығындарының көптігі. Сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық факторлар - жастардың мансапқа басымдық беруі, жауапкершіліктен қорқуы. Бұған қоса, талаптардың шектен тыс жоғары болуы да отбасын құруды қиындатып отыр. Осының бірі біртіндеп отбасы институтының әлсіреуіне әкелуде. Ал отбасы - кез келген қоғамның іргетасы.

Сондықтан отбасы институтын нығайту - жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның міндеті. Ұлттық дәстүрлерді жаңғырту, жастарды отбасылық өмірге дайындау, неке мәдениетін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі деп ойлаймын.

Демография - ұлттың стратегиялық қауіпсіздігі мен болашағын айқындайтын басты көрсеткіш. Ал сол болашақтың берік болуы өр отбасының беріктігіне байланысты. Отбасы мықты болса, мемлекет те мықты.

Бақытжан ЖҰМАХАНОВ, Мәдениет ауылы

КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ

ДОСТЫҚ ТҮБІ – БЕРЕКЕ

Аягөз ауданында қоғамдық келісім мен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған мәдени іс-шара өтті. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылған «Достық түбі – береке» фестивалі мазмұнды бағдарламасымен, көпшілікті кеңінен қамтуымен ерекшеленді.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың басты мақсаты - тұрғындар арасындағы татулықты бекемдеп, ұлтаралық сыйластықты дәрiптeу, азаматтардың құқықтық мәдениетiн көтерiу болды.

Бүгiнде қоғамдағы тұрақтылық ең алдымен азаматтардың заңға жауапкершiлiкпен қарауына, тәрiптiке бағына бiлуiне байланысты. Аталған фестивальда құқықтық сана, азаматтық жауапкершiлiк мәселелерi кеңiнен сөз болды. Қоғамдық тәрiптi сақтау, өзара құрмет пен тәрiмдiлiк қағидаларын орнықтыру мәселелерi де назардан тыс қалған жоқ.

Мәдени шара барысында тұрғындар мен аудан қоңақтары назарына әсерлi концерттiк бағдарлама ұсынылды. Сахнада түрлi этнос өкiлдерi өнер көрсетiп, ән мен биден шашу шашты. Өр ұлттық мәдениетi мен дәстүрi көрiнiс тапқан этнокермелер мен ұлттық буйымдар жәрмеңкесiн көпшiлiк қызыға тамашалады. Қолөнер туындылары, ұлттық тағамдар, әдет-ғұрып, салт-дәстүрден шағын сахналық қойылымдар фестивальдың мазмұнын байыта түстi.

Ел бiрлiгiн дәрiптейтiн мазмұнды фестивальға оқушылар мен ұстаздардан бастап жастар, мемлекеттiк қызметшiлер, құқық қорғау саласының өкiлдерi және аудан тұрғындары белсене қатысты.Ең бастысы, фестиваль жұртшылықты бiрлiкке, татулық пен өзара құрметке үндейтiн алаңға айналды.

Аудан халқы бiрлiк пен достықтың туын биiк ұстап, тату-тәрiтi өмiр сүруде. Бұған үлкендердiң өсиетi, жастарды татулыққа тәрбиелейтiн мәдени шаралар, спорттық жарыстардың кеңiнен насихатталуы ықпал етуде.



Осындай биік қасиеттерді бір бойына тоғыстырған жандардың бірі – Аягөз ауданының тұрғыны Оразхан Манабаева. Халық оны ерекше құрметпен «Такси апа» деп атайды. Бұл атау – тек кәсіптің емес, әйелдің табандылығы мен ананың мейірімі, еңбек адамының абыройы мен өмірлік ұстанымының көрінісі. Қырық жылдан астам уақыт көлік тізгіндеген әжей бірде-бір рет жол ережесін бұзбаған. Бұл – тек жеке жетістік емес, тәртіп пен жауапкершілікке негізделген тұтас өмір философиясы.

Аягөз жұртшылығына Оразхан Манабаеваның есімі етене таныс. 76 жастағы әженің айтуынша, оның бұл жолға келуі кездейсоқ емес. Жастайынан техникаға қызығып өскен Оразхан апа Аягөздегі автотектепте білім алып, теориялық және практикалық емтихандарды үздік тапсырады.

Алғашқы еңбек жолы «Запорожец» көлігін жүргізуден басталыпты. Содан бері Оразхан әже тізгіндеген темір тұлпарлар оның өмірінің бір бөлшегіне айналған. «Запорожец», «Жигули», «Ауди - 80», «Ауди-80 Б4», «Фольксваген Пассат», «Тойота Камри» жүргіздім. Қазіргі көлігім - «Toyota - 35». Бұл - сегізінші көлігім. Өте жайлы, өзіме ұнайды, — дейді «Такси апа».

Оразхан апа Семей өңіріндегі Ұржар ауданының Қызылту ауылында дүниеге келген. Ұржар ауылындағы Абай атындағы мектепте оқыды, кейін тағдыр жолы оны Аягөзге алып келеді.

- Тоғыз жолдың торабы деп осы жаққа көшіп келдік, - дейді кейіпкеріміз.

Жұбайы Құралбек Райқұлұлымен отасқандарына 55 жыл болыпты. Отағасымен бірген төрт ұл, бір қызды тәрбиелеп жеткізіп, 16 немере, 8 шөбере сүйіп отырған әже бақытты әулеттің алтын діңгегіне айналды.

"АСЫҚПАЙ ЖҮРСЕҢ – АМАН ЖЕТЕСІҢ": 40 ЖЫЛ БОЙЫ ЕРЕЖЕ БҰЗБАҒАН "ТАКСИ АПА"

Қоғамда әйелдің рөлі, ана мәртебесі, гендерлік теңдік пен отбасылық құндылықтар туралы ұғімге жиі айтылады. Дегенмен осы ұғымдардың шынайы мазмұны құр сөзбен емес, нақты іспен, өмірлік үлгімен өлшенеді. Қазақ қоғамында әйел - тек отбасының ұйытқысы ғана емес, қажет кезде ер-азаматпен тең еңбек етіп, жауапкершілікті қатар арқалай алатын тұлға. Ал ана болу - тек бала тәрбиелеу емес, ұрпаққа үлгі болатын өмір салтын қалыптастыру.



лып, отбасы құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келеді.

- Бұрын бала-шағаның қамымен жүрдік. Қазір Құдайға шүкір дейміз. Бірақ жасым келді деп қол қусырып отыруға болмайды, — дейді әжей.

Оразхан апаның еңбек жолы елдегі қиын кезеңдермен де тұспа-тұс келген. Кеңес Одағы ыдыраған жылдардағы экономикалық қиындықтар оны белсенді еңбекке итермелеген. Содан бері тоқтаусыз еңбек етіп келеді.

Қазір де «Такси апаның» жұмыс тәртібі нақты: таңғы сағат жетіден бастап кешкі беске дейін аудандық

аурухана маңында қызмет көрсетеді. Науқастарды, дәрiгерлердi, медбикелердi, келушiлердi дiттеген жерiне жеткiзедi. Аптасына бес күн жұмыс iстеп, сенбi-жексенбi күндерi демалады. Ал жұма - ерекше күн.

- Мiндеттi түрде мешiтке барамын. 33 жылдан берi сонда шаруаларына көмектесемiн, - дейдi.

Оразхан апа үшiн өмiрiнiң тағы бiр маңызды бөлiгi - рухани жан дүниесi. 2015 жылы қажылық парызын өтеп келген. Қазiр де ораза ұстап, құлшылықтан қол үзбейдi.

Әже немерелерi мен шөберелерiн мектеп пен

балабақшаға өзі тасиды. Яғни, оның жүргізушілік жолы тек кәсіп емес, отбасы үшін де үлкен көмек. Бүгінде Оразхан Манабаева туралы тек Аягөзде ғана емес, ел көлемінде айтыла бастады. Тіпті шетелдік журналистер де қызығушылық танытып, деректі фильм түсірген. Жұырда Оразхан әже Аягөз ауданының Құрметті азаматы атағына ие болды. Оразхан Манабаеваның өмір жолы - әйелдің қоғамдағы орнын, ананың шексіз мейірімін, отбасының берекесін және еңбектің қадірін қатар көрсететін тағалымды үлгі. Әже гендерлік теңдік ұғымын ұранмен емес, нақты ісімен дәлелдеп келеді. Қырық жыл бойы бірде-бір рет жол ережесін бұзбауы - тек жүргізушілік мәдениет емес, бұл - адам өміріне деген жауапкершіліктің көрінісі. Өмірдің қандай қиын сәттерінде де сабыр сақтай білген, адамгершіліктен аттамаған Оразхан әженің өмір жолы - бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге, адал еңбек маңызды екенін ұқтыратын өмірлік сабақ. «Такси апаның» қарапайым ғана «асықпай жүрсең - аман жетесің» деген сөзі - тек жол үстінде емес, бүкіл өмірде бағыт беретін қағида.

Арнаулы бетті әзірлеген Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛҚЫЗЫ, «Semetañy»



«АДАЛ АЗАМАТ»

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ҮНСІЗ БИГІ



Пуза АСАНҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

еңбек пен адамдықтың өлшемі туралы очерк

Адамның шынайы бағасы оның сөзінен емес, ісінен, ел алдындағы беделі мен халықтың құрметінен көрінеді. Өмірде айқайлап жүріп көзге түсетіндер көп, бірақ үнсіз жүріп елдің тірегіне айналатындар сирек.

Жақсылықтың да өз мінезі бар – ол үнсіз жасалып, жүрекке жетеді. Жақсылығын жарияға жар салмай жасайтын жандар өздерін көрсетуге, біреуге өзін дәлелдеуге тырыспайды. Себебі олардың әр күні – елге сіңірген еңбегінің дәлелі, әр ісі – халық алдындағы жауапкершілігінің айғағы. Ол дабыраны ұнатпайды, жариялылықты қажет етпейді. Кейде бір адамның үнсіз еңбегі тұтас бір ауылдың тынысын өзгертіп, бір әулеттің ғана емес, бір елдің берекесіне айналып жатады. Осындай жандарды бір ауыз сөзбен “жақсы адам” деп айту аздық етеді. Өйткені олар – жай ғана жақсы жандар емес, олар – жақсылықты өзіне айналған тұлғалар. Солардың бірі – Мамырбек Бақтығазыұлы Қарашев.

нымап «Құнды», «Алькандар», «Пионер», «Тристан» секілді күнбағыс тұқымдарын егеді. Әлбетте, өнімнің мол болуы агротехникалық шаралардың қатаң сақталуы мен дәнді, майлы дақылдардың тікелей тыңайтқышымен қоректендірілуіне де байланысты. Серіктестіктегі диқан қауымы бұл шараларға да назар аударды, «Аммофос», «Сульфаммос» секілді тыңайтқыштарды оңтүстік облыстардан алады. Келденең ауылы Тарбағатайдың күнгей бетіндегі қойнауында орналасқандықтан болар, топырағының бонитеті жоғары, өте құнарлы. Уақыт талабына сай жанарлы, заманауи технологиялармен жабдықталған шаруашылық өнімнің жаңа түрін шығаруға да ерекше назар аударады.

Мамырбек Бақтығазыұлы – еңбек адамдарына деген жанашырлық пен сенімді өмірлік қағида етіп ұстаған азамат. “Қыран тапқанын шашып жейді, қарға басып жейді” дегендей, Қарашевтар әулеті ауылдастары арасында кеңпейіл қасиеттерімен, қайырымдылық істерімен де қадірлі. Ауылға 120 адамдық мешіт ғимаратын, 280 орындық қатымақана, зәулім спорт кешенін, 150 адамдық «Думан» мейрамханасын, диірмен мен наубайхана салып берді. Мамырбек Бақтығазыұлы осыдан бірнеше жыл бұрын ауыл орталығындағы тозығы жеткен ескі мәдениет үйін сатып алып, 24 млн теңгеге қайта жөндеді де, аудандық мәдениет бөлімінің қарамағына берді. Қазір бұл ғимарат ауыл халқының сүйікті рухани – демалыс орталығына айналған.

Ауыл азаматтарына жұмыс беріп отырған «Юбилейный» ЖШС басшысы жерлестерін өлеуметтік тұрғыдан да демеп отырады. Кәсіби мерекелерде қаражат бөліп, сый-сияпат беруді назардан тыс қалдырған емес. Ауыл жастарына да көмекші көрсетіп, спортқа тұрақты жанашыр болып келеді. Бокс, волейбол, жеңіл атлетика, күрес сынды спорт түрлерінен жеке қаражатына турнир өткізуді де дәстүрге айналдырған. Ауылға көшіп келген жас отбасыларға тұрғын үй алып бергені жайлы да жерлестерінен естідік. Мүгедек балаға арба, спорт мектебіне «УАЗ» автокөлігін сыйлады. Жыл сайын ауылдағы еңбек ардагерлеріне өлеуметтік азық-түлікпен қолдау көрсетіп, қыс мезгілінде мұқтаж жандарға көмір түсіріп беретіні де ел аузында.

Басшылық – тек басқару емес, ол сонымен қатар – адамдардың тағдырына жауап беру. Мамырбек Бақтығазыұлының қарамағында еңбек ететін жүзден астам адамның ерқайсысы – бір отбасының асыраушысы, бір үйдің үміті. Жымда тұрақтылық бар, татулық бар. Себебі әділдік бар.

Мамырбек Бақтығазыұлы көп сөйлемейді. Бірақ

айтқан сөзі нақты, қабылдаған әр шешімі әділ. Ол үшін уәде – жай сөз емес, орындалуы тиіс міндет. Өйткені әділдік пен жауапкершілік – басты ұстанымы.

Байлық – адамның шынайы өлшемі емес. Шынайы өлшем – адамның сол байлыққа деген көзқарасында, оны қалай жұмсай білетінде. Мамырбек Бақтығазыұлы – ауқатты азамат. Бірақ байлығын ешқашан даңққа айналдырған емес. Оның бар байлығы туған жеріне деген адалдығында, елге тиізіген пайдасында. Ол үшін ең үлкен мәртебе – халықтың сенімі. Қайырымдылық – оның өмірінің ажырамас бөлігі. Ауыл тұрғындарына, көп балалы отбасыларға, зейнеткерлерге, мектеп пен мешітке көрсеткен көмегі – бір сәттік науқан емес, жылдар бойы жалғасы келе жатқан игі іс. Бірақ ол бұл әрекеттерін жария етуді ұнатпайды. Себебі жақсылықты жарнамалау оның болмысына жат.

Мамырбек Қарашевтың түсінігінде қайырымдылық үнсіз жасалады. Кейіпкеріміз қоғамдық-саяси өмірде де белсенді. Бүгінде Абай облыстық мәслихатының депутаты ретінде ел сенімін арқалап, өңірдің дамуына үлес қосып келеді. Бұл – қызмет қана емес, жауапкершілік. Халықтың үміті мен сенімін ақтай білу кез келген марапаттан биік. Таяуда оның еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет» орденімен марапатталды. Бірақ оның ең үлкен марапаты – қарапайым халықтың алғысы мен ықыласы.

Мамырбек Қарашев Ұржар ауданындағы Келденең ауылында дүниеге келді. Қарапайым ғана ауыл, қоныр тіршілік. Әдетте, көп балалы отбасында өскендер өмірді ерте таниды. Мамырбек Бақтығазыұлы жеті ағайындының ортасында өсіп, еңбек пен тәртіптің не екенін ерте түсінген жан. Балалық шағында ерлікпен төрі жауапкершілік басым болды. Таңның атысы, күннің баысы тіршілік қамымен жүрген өке мен ананың қатаң тәрбиесі мен талапшылдығы оның болашақ мінезін іргетасын қалады. Ағасына иі болып жүріп қамқорлықты сезінді, мейірімді қанып іштi, інісіне аға болу жүйрік адамға қамқор болуды үйренді.

Балалық шағымыз қарапайым өтті, бірақ тәрбиемді өте қатал болды. Ата-анамыз бізді еңбекқор, адал, тәртіпті болуға баулыды, – дейді кейіпкеріміздің өзі.

Ата-ананың бұл тәрбиесі қазір Қарашевтар әулетінің өмірлік бағытына айналған ұстаным. Бұл – ұрпаққа дұрыс бағыт бере білген ата-ананың еңбегі. Сол тәрбиенің арқасында әулеттің әр баласы өз жолын тауып, елге қызмет ететін абыройлы азамат болды. Әулеттегі балалардың үлкен Төлеубек Қарашев кезінде колхозды басқарды, кейін де тұр-

лі басшылық қызметтер атқарды, қазір зейнеткер. Келденең ағасы аудандық мәслихат төрағасы болып қызмет етті, бүгінде құрметті демалыста. Үшінші ағасы Заманбек – қаржы маманы, банк директоры қызметін атқарды, өткен жылы зейнетке шықты. Төртінші ағасы Анарбек қазіргі таңда Сыртқы істер министрлігінде қызмет етеді.

Мекен – осы әулеттің бесінші перзенті. Інісі Қанағат кәсіпкерлікпен айналысады, өз ісін дөңгелетіп отырған азамат. Қарындасы Майра – медицина қызметкері. Ең кенже інісі Сейітқазы «Қазақстан темір жолы» мекемесінде қызмет атқарады.

Біздің үйде әрқашан татулық пен сыйластық бірінші орында болды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету біз үшін заң еді. Ата-анамыз қандай қиындық болса да бір-бірімізге тірек болуды үйретті. Бұл қасиеттер бүгінгі күні біздің әулеттің басты қағидасына айналды. Қазір өзім де атамн. Бір ұл, бір қызым бар. Қызым Ләйла тұрмыста, күйеу балам Бауыржан екеуі Айсана және Ажар атты екі бала тәрбиелеп отыр. Ұлым Думан мен келімім Айгерімнен Айбике есімді немереміз бар. Екі баламыздың отбасыларындағы татулық пен берекені көріп қуанамыз, – дейді кейіпкеріміз.

Отбасы – Мамырбек Бақтығазыұлының өмірдегі ең басты тірегі. Жары Бақытпен бірге көтерген шаңырақ – берекенің, сыйластықтың үлгісі. Отау құрғандарына 35 жылдан асса да, бір-біріне деген құрмет пен түсінікті сол қалпында сақталған. Бұл – тек уақытты емес, өзара сыйластықтың жемісі. Балалары – өмірінің жалғасы, немерелері – жүрегінің жылуы.

Әке ретінде мен үшін ең бастысы – балаларымыздың амандығы, олардың бір-біріне деген сыйластығы мен татулығы. Өмірде қандай жетістікке жетсе де, адамдық қасиетті жоғалтпау – ең маңыздысы. Қай ата-ананың болсын басты тілегі – ұрпағының абыройлы болуы. Адам бұл дүниеде мәңгі емес. Сондықтан арттағы ұрпаққа алаңдамайтындай тәрбие беру – басты парызымыз. Адам баласы артында «өкесі жасап адам еді» деген сөз қалмауын да әрдайым есте ұстап жүргені абзал, – дейді Мамырбек Бақтығазыұлы.

Бұл сөздер – оның өмірлік ұстанымының айнасы. Ұлы Думан мен келіні Айгерім өткен жылы қаладағы жайлы өмірі мен жақсы жұмыстарын тастап, отбасымен ауылға оралып, өке бақтаған істі дамытуға бел буды. Баласының туған жерге оралуы өке үшін ерекше мақтанш екенін байқадық.

Бар тілегім – еңбегі ақталып, ісі берекелі болса екен, – дейді Мамырбек Бақтығазыұлы.

Бұл өмірде бәрі өтеді. Байлық та, мансап та мәңгілік емес, уақыт бәрін өз таразысына салады. Бірақ бір нәрсе ғана жоғалмайды, ол – адамның артында қалдырған ісі. Сол ісіне қарап келешек ұрпақ адамды таниды, бағасын береді.

Мамырбек Бақтығазыұлының жолы – айқайлау емес, бірақ салмағы ауыр жол. Ол – биіктікті бағындырған адам емес, биіктікті еңбегімен қалыптастырған жан. Оның өмірі – марапаттармен емес, маңдай термен өлшенетін ғұмыр. Бүгінгі қоғамға дәл осындай үнсіз мықтылар керек. Себебі елді алға сүйрейтін – көп сөйлейтіндер емес, көп іс тындыратындар. Ол артына сарай қалдырмауы мүмкін. Бірақ сенім қалдырады. Ол үлкен өз айтауы мүмкін. Бірақ ол үлкен іс жасап жүр. Ол өзін дәлелдеуге тырыспайды. Бірақ өмірі ол үшін сөйлеп тұр. Міне, жақсылықтың шынайы өлшемі осы.

Ол өлшем уақыттан да биік.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Бүгінгі таңда ветеринария саласы – елдің экономикалық тұрақтылығы мен халықтың денсаулығына тікелей әсер ететін стратегиялық маңызды сала. Мал дәрігерінің еңбегі ауыл шаруашылығының дамуына, азық-түлік қауіпсіздігіне және эпизоотиялық тұрақтылыққа негіз болады.



Ай-Керем МАҚЫЛ,
«Semei tanu»

Елімізде мал шаруашылығы ұлттық экономиканың маңызды салаларының бірі саналады. Осы тұрғыдан алғанда, ветеринар мамандардың рөлі ерекше. Олар жұқпалы аурулардың алдын алып, мал өнімдерінің сапасын бақылау арқылы халыққа қауіпсіз азық-түліктің жетуіне ықпал етеді.

Ұржар ауданы – облыста мал шаруашылығы қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі. Сондықтан мұнда ветеринариялық қызметтің маңызы зор. Ауданда ветринариялық қызметті Абай облысы ветеринария басқармасының «Облыстық ветеринариялық қызмет» кәсіпорнына қарасты Ұржар аудандық бөлімі көрсетеді. Мекеме мал басын есепке алу, алдын алу шараларын жүргізу және аурулардың таралуына жол бермеу бағытында жүйелі жұмыс атқарады.

Бүгінде ауданда тәжірибелі дәрігерлер, фельдшерлер мен зертхана қызметкерлері еңбек етуде. Мамандар малдың саулығын қамтамасыз етуге, вакцинация, диагностика және тексеру жұмыстарын тұрақты жүргізеді. Ветеринарияның негізгі міндеті – тек емдеу емес, қауіп-

ті жұқпалы аурулардың алдын алу. Өйткені кейбір дерттер адамға да жұғуы мүмкін. Осыған байланысты мал өнімдерінің қауіпсіздігі мен ветеринариялық-санитариялық талаптардың сақталуы басты назарда.

Соңғы жылдары салада цифрландыру да кеңінен енгізіліп, малды бірдейлендіру, деректерді электронды жүйеге енгізу жұмыстары бақылауды күшейтіп, есел жүргізуді қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде аудандағы эпизоотиялық жағдай тұрақты деңгейде сақталып отыр.

Дегенмен кадр тапшылығы мәселесі әлі де өзекті.

Қазіргі таңда ауданымыздағы мал дәрігерлерінің басым бөлігі зейнет жасына жақындап қалған. Биыл бірқатар ауылдардағы мамандар зейнетке шығады. Ал кейбір елді мекендерде ветеринар мүлде жоқ. Бүгінгі өзінде үш маман жетіспейді. Жалақы мөлшері 180-210 мың теңге аралығында, – дейді Абай облысы ветеринария басқармасының «Облыстық ветеринариялық қызмет» кәсіпорнына қарасты Ұржар аудандық бөлімінің басшысы Асет Абайбеков. Салада еңбек етіп жүрген тәжірибелі мамандардың

бірі Ақылжан Бейсембаев Егінсу ауылында дүниеге келген. Шөкерім атындағы Семей мемлекеттік университетін тамамдап, еңбек жолын ауылдық округтің мал дәрігері ретінде бастаған. Қазіргі таңда сол округтегі ветеринариялық пункттің меңгерушісі. Оның қызмет көрсететін аумағында 2150 бас ірі қара, 2609 бас ұсақ мал және 400 жылқы бар. Мамандар, жануарларды емдеумен қатар, профилактикалық вакцинация жүргізіп, санитарлық бақылау жасайды. Сонымен қатар тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Малды чиптеу, таңбалау, бірдейлендіру ісі де жүйелі атқарылууда.

Мал амандығы – ел ырысы. Төрт түліктің саулығын қамтамасыз етіп жүрген ветеринарлардың еңбегі зор. Дегенмен бүгінде мамандықтың беделі бұрынғыдай жоғары емес. Еңбек ауыр, ал жалақы әрдайым көңілден шыға бермейді.

Соңғы жылдары бұл салаға да мемлекет тарапынан қолдау күшейіп келеді. Саланы қаржыландыру көлемі артып, ветеринар мамандардың орташа жалақысы едәуір өсті. Қазіргі таңда ғылыми дәрежесі бар ветеринарларға қосымша ақы төлеу жолдары қарастырылууда.

Соған қарамастан, ауылдағы кадр тапшылығы, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі сынды мәселелер әлі де шешімін күтуде. Бұл бағытта инфрақұрылымды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру және жастарды салаға тарту маңызды.

Қазіргі таңдағы ветеринар – тек емдеуші емес, ол – сарапшы, зерттеуші әрі эпидемиолог. Өсіресе адам мен жануарға ортақ аурулардың алдын алуға сала қызметкерлерінің орны бөлек. Сапалы ветеринария – халық денсаулығы мен азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі. Сондықтан бұл мамандықтың беделін арттыру – уақыт талабы.

Ұржар аудандық Жастар ресурстық орталығында «AMANAT» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Елдос Бейсенов белсенді жастармен дөңгелек үстелде жүздесіп, ашық пікір алмасты.

ЖАСТАРМЕН АШЫҚ ДИАЛОГ

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»



Кездесу барысында жастар арасында жұмыссыздықты азайта отырып, олардың тұрақты жұмыспен қамтылуына мүмкіндік жасау мақсатында іске асырылып жатқан «Жастарға жұмыс» партиялық жобасы, мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттары кеңінен талқыланды.

Елдос Бейсенов атап өткендей, «Жастарға жұмыс» партиялық жобасының негізгі мақсаты – жастарды жұмыспен қамту, олардың кәсіби дамуына қолдау көрсету және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарға бағыттау. Жоба аясында ауданда жас мамандарға тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру, кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсету және бос жұмыс орындары туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілууда.

Еркін форматтағы пікір алмасуда жастар өз ой-пікірлерін ашық білдіріп, өзекті мәселелерді ортаға салды.

«AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысының айтуынша, жастарға қолдау көрсету – басты басымдықтардың бірі.

Жастар – мемлекеттің қозғаушы күші. Сондықтан «Жастарға жұмыс» партиялық жобасы арқылы біз әрбір жасқа нақты мүмкіндік беруді көздейміз. Бұл жоба тек жұмысқа орналастырумен шектелмейді, ол – жастардың кәсіби дамуына, өз әлеуетін толық іске асыруына жол ашатын маңызды бастама. Біздің міндетіміз – жастардың бастамаларын қолдап, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру, – деді Елдос Бейсенов.

Ұржар ауданында 10 мыңға жуық жас бар. Олардың басым бөлігі қоғамдық өмірге белсене қатысады.

Бүгінде ауданымыздағы 10 мыңға жуық жастың басым бөлігі қоғамдық өмірге белсенді араласып, түрлі салада еңбек етіп жүр. Қазіргі таңда жастардың едәуір бөлігі жұмыспен қамтылып, тұрақты табыс көзін қалыптастырған. Сонымен қатар NEET санатындағы жастармен жүйелі жұмыс жүргізілууда. Әрбір жастың мәселесіне жеке назар аударылып, оқуға, жұмысқа орналастыруға немесе кәсіпкерлікке тарту бағытында нақты шаралар жүзеге асырылууда. Бұл өз кезегінде жастардың қоғамға белсенді араласуына және өз әлеуетін толық жүзеге асыруына мүмкіндік беруде.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру да маңызды бағыттардың бірі. Осы мақсатта түрлі мәдени, спорттық және танымдық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Ал жұмысқа орналастыру бойынша «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен – ауылға» секілді мемлекеттік бағдарламалар аясында нақты қолдау көрсетілууда. Біз әрбір жастың өз орнын тауып, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына жағдай жасауға күш саламыз, – деп атап өтті аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Ғалымбек Төкенов.

Кездесу қорытындысында жастар мен партия өкілдері алдағы уақытта бірлескен жұмыстарды күшейтіп, жаңа бастамаларды жүзеге асыруға уағдаласты. Мұндай кездесулер жастардың ұсыныстарын тыңдауға және нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп, жастар мен билік арасындағы байланысты нығайтуға, сенімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.



Бір әннің тарихы

«ҚИМАЙ СЕНІ
БАРАМЫН»

Қазақ эстрадасында кең тараған көптеген әндердің мәтінін жазып, ұлттық музыка қазынасына елеулі үлес қосқан ақын Шәмшібай Сариевтің сөзіне жазылған туындылардың ішінде халық арасында ерекше танылған әндердің бірі – «Қимай сені барамын». Көпшілікке жақсы таныс бұл әннің қалай дүниеге келгеніне тоқталып көрейік.

«Қимай сені барамын» әнінің әуенін белгілі композитор Төлеген Мұхамеджанов жазған. Алғашында сазгердің қолында тек дайын әуен ғана болған. Композитордың айтуынша, бұл әуен қараша айының бір қыры таңында пайда болған. Ерте оянған сазгер сол сәтте табиғаттағы өзгерістерге назар аударады. Күздің соңғы күндері, салқын ауа, баяу жылжып жатқан уақыт – бәрі де адам өміріндегі кейбір кезеңдерді еске түсіргендей болады. Жаздың артта қалып, күздің қыспен алмасуы табиғаттағы қалпын-ты құбылыс болса, адам өмірінде де осындай қоштасу сәттері кездесетінін байқайды. Дәл сол көңіл күйі сазгердің ойына әуен болып оралады. Кейін композитор осы әуенге лайықты сөз жазу үшін ақын Шәмшібай Сариевке жүгінеді. Ақын әуенді тыңдап, оның ішкі көңіл күйін, әуендегі қимастық пен сағыныш сезімін дәл жеткізуге тыры-

сады. Соның нәтижесінде ол ән мәтінінің бірнеше нұсқасын жазады. Жалпы алғанда, Шәмшібай Сариев сазгерге алты түрлі өлең ұсынып, әрқайсысы әуенге лайықты болатындай етіп дайындайды. Төлеген Мұхамеджанов барлық мәтінді әуенге сәйкес келетіндей етіп таңдайды. Сөйтіп, соңғы нұсқа ретінде «Қимай сені барамын» деген атаумен белгілі мәтін бекітіледі.

Дайын әнді орындау Меруерт Түсіпбаеваға ұсынылады. Ол кезде Меруерт өнер жолына енді ғана қадам басып жүрген жас орындаушы еді. Жоғары оқу орнын аяқтап, Фабиат Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына актриса болып қабылданған кезең болатын. Театрдағы жұмыстарымен қатар ән айтып жүрген жас актрисаның дауысын компози-

тор Төлеген Мұхамеджанов тыңдап көріп, жаңа әнді орындап көруге мүмкіндік береді. Әннің алғашқы жазбасы Алматыдағы «Қазақфильм» киностудиясының дыбыс жазу студиясында жасалады. Ән радиодан беріле бастағаннан кейін тыңдарман назарын бірден аударады. Әсіресе Меруерт Түсіпбаеваның қоңыр дауысы мен әннің лирикалық әуені үйлесіп, туындының кең таралуына ықпал етеді. Көп ұзамай «Қимай сені барамын» халық арасында кең танылып, Меруерт Түсіпбаеваның шығармашылық жолындағы алғашқы ірі табыстарының біріне айналады.

Әннің танымал болуына бейнебаян да үлкен әсер етті. 1990-жылдардың басында қазақ эстрадасында клип түсіру әлі кең тарама қоймаған жаңа құбылыс еді. Сол кезеңде жас режиссер Данияр Чункеев «Қимай сені барамын» әніне бейнебаян түсіруді қолға алады. Түсірілім өте қарапайым жағдайда жүзеге асады. Арнайы техника мен кәсіби жарық құралдары көп болмағандықтан, кадрлар қолда бар мүмкіндіктермен түсірілген. Жел әсерін жасау үшін қарапайым тәсілдер қолданылып, жарықты бағыттау үшін айна пайдаланылған. Бейнебаянның түсірілімі бір күннің ішінде аяқталады. Клипте Меруерт Түсіпбаева басты кейіпкер ретінде көрініп, әннің мазмұнын лирикалық көңіл күйде жеткізеді. Клип республикалық арналардан бірнеше рет эфирге шыққаннан кейін ән тез арада танымалдыққа ие болды. Әсіресе 90-жылдары теледидар мен радио арқылы жиі берілген бұл туынды көпшіліктің есінде сақталды десе де болады.

Бұл ән тек әсем әуенімен ғана емес, Шәмшібай Сариевтің жүрекке жақын, нәзік сөзімді жеткізетін сөздерімен де ерекшеленеді. Ақынның қарапайым әрі әсерлі жолдары композитор Төлеген Мұхамеджановтың лирикалық әуенімен үйлесіп, тыңдарманға жақын туындыға айналды.

e-history.kz

«Riza bol»
ұсынатын кәдесый

Әр орамал —
әйелдің ішкі
әлеміне арналған
үнсіз сыр.
Қорабы мен сөмкесі де
кәдесыйдың мазмұнын
аша түседі.

8 778 929 14 53
8 777 276 90 74

Абай өлеңдерімен аталып,
«Riza bol» сауда белгісімен
шыққан жібек орамалдар –
ұлттық болмысты
заманауи нәзіктікпен
тоғыстырған ерекше
кәдесый.

«Желсіз түнде жарық ай»
– сабыр мен сенімнің,
«Кезімнің қарасы» –
махаббат пен мейірімнің
белгісіндей.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

08.06.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Үржар ауданы, Шолпан а.о., Шолпан а., Абай к-сі, 36А мекенжайындағы әкімдік ғимаратында «Абай облысы Үржар ауданындағы «ААС-камень» учаскесінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

Қарантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTr2oURvW5K5QzTmmVrQh0iOTG.1>

Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mVb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Чайна Харбоур Инжиниринг Компания ЛТД.» Қазақстандағы филиалы. БСН: 240541015694. Мекен-жайы: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 29/1, н.п. 1, тел. 87051827688, e-mail: hsktl@chec.bj.cn.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр-к-сі, 165. Тел. +77002664282, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекен-жайы upgr.abay.akimatabai.gov.kz бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

08.06.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Мақаншы ауданы, Қаратал а.о., Қаратал а., Жеңіс к-сі, 1А мекен-жайындағы әкімдік ғимаратында ««Бақты-Аяғөз» (қолданыстағы «Семей-Қытай» теміржол учаске-сіне Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасында үшінші теміржол өткелін салу) теміржол желісі құрылысына пайдаланылатын Абай облысы Мақаншы ауданында орналасқан «Харбор 3» учаскесінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстары жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

Қарантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTr2oURvW5K5QzTmmVrQh0iOTG.1>

Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mVb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Чайна Харбоур Инжиниринг Компания ЛТД.» Қазақстандағы филиалы. БСН: 240541015694. Мекен-жайы: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 29/1, н.п. 1, тел. 87051827688, e-mail: hsktl@chec.bj.cn.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр-к-сі, 165. Тел. +77002664282, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекен-жайы upgr.abay.akimatabai.gov.kz бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Абай облысының тарихи-мәдени мұрасын қорғау жөніндегі орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсты өткізу күні: 14.05.2026 жыл
Конкурстың өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110.

Кәсіпорынның атауы: Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту архив ісі басқармасының «Абай облысының тарихи-мәдени мұрасын қорғау жөніндегі орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
Кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110, 071400, тел.: 8 777 695 46 66.

Кәсіпорынның негізгі қызметі: Абай өңірінің тарихи-мәдени мұрасын сақтау және пайдалану болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Біліктілікке қойылатын талаптар: оқыту бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; педагогикалық ғылымдар (жалпы дамыту, жаратылыстану, гуманитарлық пәндер, тіл және әдебиет пәндері бойынша мамандығы бар мұғалімдерді даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, әкімшілік және құқық және/немесе машина жасау, өңдеу және құрылыс индустриясы (сәулет, құрылыс, машина жасау) және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер

(туризм, мәдени-демалыс жұмыстары);

Білуі керек:

Конституция; Бюджет кодексі; Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс; Еңбек кодексі; Әкімшілік іс жүргізу кодексі; Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңдары; ішкі еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам құжаттарды қабылдау мерзімінде 24.04.2026 жылдан 05.05.2026 жылға дейін сағат 18.30-ға дейін бұқаралық ақпарат құралдарында (Семей Таңы газеті) конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде Абай облысы, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110 мекенжайы бойынша келесі құжаттарды Басқармаға қолма-қол ұсынады:

1) Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

БЖЗК БЖЗК барлық ниет білдірушілерді «Ашық есік күні» дәстүрлі онлайн-кездесуіне шақырады, онда Қор мамандары invest.enpf.kz жаңа инвестициялық порталы және ол арқылы салымшылардың қандай мүмкіндіктерге ие болатыны туралы алғаш рет егжей-тегжейлі айтып береді.

ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ПОРТАЛ ҰСЫНАДЫ

Кездесу барысында сіз келесі мәліметтермен таныса аласыз:

- платформа қалай жұмыс істейді;
- зейнетақы активтерін инвестициялау жүйесінің құрылымы қандай;
- инвестициялық көрсеткіштерді қалай талдап, стратегияларды қалай салыстыруға болады;
- басқарушыны таңдағанда неге назар аудару керек;
- өз мүмкіндіктеріңізді саралау үшін invest.enpf.kz порталын қалай пайдалануға болады;

- салымшылардың болашақ зейнетақыға әсер ету үшін қандай нақты құралдары бар. Қатысушылар өздерін қызықтырған кез-келген сауалдарға Қор мамандарынан түсініктемелер, сондай-ақ жеке кеңестер ала алады.

«Ашық есік күні» 2026 жылдың 28 сәуірінде 10:00 сағ., 12:00 сағ., және 14:00 сағ. онлайн-форматта өткізіледі.

Іс-шараға қатысу үшін тіркелу қажет.

Сағат 10:00-ғы іс-шараға қатысу үшін ZOOM бағдарламасына сілтеме бойынша өткізіледі сұраймыз:

<https://us04web.zoom.us/j/78515574765?pwd=148cuqr3ZaueCvKkxHblD4fG8c0.1>

Event-мәжіліс құпиясөзі: 2026

Сағат 12:00-ғы іс-шараға қатысу үшін WEBEX бағдарламасына сілтеме бойынша өткізіледі сұраймыз:

<https://enpf.webex.com/weblink/register/1481a9dbd29eca9648d07c5ccf3e81e8d>

Event-мәжіліс нөмірі: 2510 562 1632

Event-мәжіліс құпиясөзі: 2026

Сағат 14:00-ғы іс-шараға қатысу үшін WEBEX бағдарламасына сілтеме бойынша өткізіледі сұраймыз:

<https://enpf.webex.com/weblink/register/1f8ba97fd0a4edd480ca28041c830bc9>

Event-мәжіліс нөмірі: 2517 404 7605 Event-мәжіліс құпиясөзі: 2026

«БЖЗК» АҚ «Ашық есік күнінде» өз салымшыларын (алушыларын) және барлық ниет білдірушілерді күтеді!

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

Қызықты деректер

- Ақула үнемі қозғалыста болуы керек, өйткені тоқтаса, тұнығып қалады.
- Құмырсқалар ешқашан ұйықтамайды және әрдайым жұмысқа дайын болады.
- Корелла тамақты төңкеріліп тұрып жейді.
- Сарышандар Жердің магнит өрісін сезіп, оны бағыт табу үшін пайдалана алады.
- Киттің тілі пілдің салмағындай ауыр болуы мүмкін.

- Әсімдіктер Жердегі оттегінің 70 пайызын өндіреді.
- Жер бетінде өсімдіктердің 390 000-нан астам түрі бар.
- Әсімдіктер күн сәулесін энергияға айналдыру үшін фотосинтез процесін пайдаланады.
- Бамбук – өлемдегі ең жылдам өсетін өсімдік, ол күніне 91 см-ге дейін өсуі мүмкін.
- Венераны шыбыны – жәндіктермен қоректенетін өсімдік.

- Қарағайлар өздерінің шайырларымен улы заттар шығарып, жануарлардан қорғанады.
- Жаңғақ ағашы басқа өсімдіктердің өсуін тежейтін химиялық заттар шығарады.
- Пілдің алып құлақтары — жылу реттегіш. Ыстық күндері олар құлақтарын бұлғап, қан тамырларындағы жылыды сыртқа шығарады. Осылайша дене температурасын төмендетеді.
- Жаһандық жылу ішімдікқұмарларды сырасыз қалдырады.
- Көзі көк жандар өзгелеріне қарағанда ауруға сезімтал келеді.
- Аралар төртке дейін санай алады.
- Су құйылған стакандағы суды 80 жыл бойы айқайлап тұрып қайнатуға болады.
- Тарақан басысы 9 күн өмір сүреді. Бұдан кейін аштықтан өледі.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың
орынбасары –
Роза ПУШПАҚОВА

www.
semeytany.kz

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «АБАЙ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Ескімен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен баспамен шығарылады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет – сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бороудилихада – 8 776 740 87 21, Бесқарағайда – 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі – 52-36-57; бас редактор – 52-04-75; редактордың орынбасары – 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі – 56-08-03; факс – 52-04-75; бухгалтерия – 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Әйгерім СӨРСЕНҚАЛИ